



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№7 (1366)
28 қазан
2008 жыл

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

Астанада өткен ҚазҰУ күндері

Астананың белді жоғары білім ордасы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінде өтетін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті күндеріне орай Елордаға баратынымызды естігеннен-ақ, «Тойдың боларынан боладысы қызық» дегендей қайнаған қызу дайындық үстінде болдық. Біздің бұл сапарымыздың мақсаты — екі университет арасындағы ынтымақтастықты нығайту, тәжірибе алмасу екенін әрқайсымыз жете сезіндік.



Бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті білім мен ғылымның қасиетті қара шаңырағы ғана емес, мәдениеттің, өнеге мен тәрбиенің, инновациялық озық ойдың орталығы болып есептеледі. Біз Еуразияның қақ төрінде орналасқан Астанаға қонаққа ретінде университетіміздің атақты профессорлары мен студенттеріміздің өрге жүзер өнерін және қайталанбас дәрістерін тарту еттік. Бұндай қауышу бұрын-соңды болмағандықтан, екі жақ та дайындық жұмыстарына жоғары деңгейде көңіл бөлді. Әрине біздің университет өнерлі студенттерге кенде емес. Мың бұралған бишілеріміз, бұлбұлша сайраған әншілеріміз, саусағына ырғақ үйірілген күйшілеріміз қай жердің болса да сөнін келтіретіні анық. Әйтсе де, мұның артында талапкерлер мен ұстаздардың ерен еңбегі, маңдай тері жатқаны сөзсіз. Бұл жолы да концерттік

бағдарламаны баптап, сценарийді жан-жақты сараладық. «Жүзден жүйрік, мыннан тұлпар» ең мықты өнерлі студенттер іріктелді. Олардың ішінде, атап айтқанда республикалық байқаулар жеңімпазы, «Жас толқын» фестивалінің лауреаты «Бақыт» би ансамбілі, «Фараби сазы» оркестрі, эстрада үйірмесінің мүшелері, жуырда өткен Астананың 10 жылдық мерейтойына арналған КВН сайысының жеңімпазы Еуразиялық Лига мүшесі «СКЛ КазГУград» КВН тобы бар.

Кеше ғана 10 жылдығын атап өткен ару Астанамызды көруге асыққан, екі университет өміріндегі алғашқы тарихи оқиғаның куәгері болу бақытына ие болған біз бар дайындығымызды ортаға салып, отарбаға отырып жолға шықтық. Бұл сапардың бұрынғы сапардан ерекшелігі — журналистер қауымының да ақ жол тілеп алыс сапарға шығырып салуы еді. Ұлттық

университетіміздің ҚазҰУ-ды биік дәрежеде көрсетеді деп үміт артып, сәт-сапар тілеуі, журналистерге сұхбат беруіміз бұл сапардың маңыздылығы мен бізге жүктелген зор жауапкершілікті сездірді. Жол бойы күйшілер домбыра шертіп, КТК тобымыз әзілдерін саралап дайындалып жатты. Сәрсенбінің сәтінде Алматыдан шыққан қазулықтар бейсенбі күні сағат 10.00-де Астанаға табан тіреді. Пойыздан түскен күннен бастап-ақ күздің қоныр салқын сызы байқалмай, жаймашуақтық пен жылылықты сезіндік. Астаналық құрбыларымыз жылы жүзбен қадамымызға нұр бітсін деген ниетпен шашу шашып құшақ жая қарсы алды. Осы сапардың бірнеше жауапты адамдары қонақүйге кірмей, бірден Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне жол тартты.

Жалғасы 3-бетте

С 1 по 3 октября в Алматы в Казахском национальном университете им.аль-Фараби прошел I Германо-Казахстанский форум высших учебных заведений. В это эпохальное событие в современной истории отечественной высшей школы произошло встреча людей, чьими усилиями формируется интеллектуальный потенциал гуманитарного, образовательного, научного и экономического развития Германии и Казахстана. Двусторонние соглашения в присутствии представителей высших учебных заведений Германии Казахстана подписали три казахстанских и три немецких университета.

Подписаны первые меморандумы о сотрудничестве между университетами Казахстана и Германии

Форум протекал в русле внешнеполитических инициатив Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева, где европейское направление является важнейшей составляющей. 2010 год пройдет под знаком председательства Казахстана в ОБСЕ. Ведь председательство в ОБСЕ открывает поистине огромные возможности государствам-партнерам в культурно-гуманитарной области.

Казахстан является ведущим партнером Германии в Центральной Азии. На недавней встрече во время первого официального визита Федеративного Президента Хорста Келера в нашу страну Президент Казахстана Н.А. Назарбаев подчеркнул, что мы готовы к совместному сотрудничеству в сфере диверсификации казахстанской экономики, в развитии перерабатывающей отрасли и экспортно-ориентированных производств, а также инновационных и наукоемких проектах.

Поддержать первый форум высших учебных заведений Германии и Казахстана прибыл министр образования и науки Республики Казахстан Жансейит Туймебаев и вице-президент Конференции ректоров Германии доктор Йоахим Меппнер. Среди участников форума также были профессора Дитер Кассель, Герберт Шмидт и управляющий директор по аккредитации образовательных программ Иринг Вассер и многие др.

Министр образования и науки Республики Казахстан Жансейит Туймебаев в своей приветственной речи отметил ценность данного мероприятия: «Проведение Форума имеет особо важное значение в свете реализаций, высказанных Президентом РК Н. Назарбаевым, стратегических установок по дальнейшей модернизации казахстанского образования и интеграции. Государственная программа развития образования в РК определила стратегические направления в модернизации высшего и послевузовского образования в контексте международных тенденций. Нашей целью является формирование национальной модели конкурентоспособного многоуровневого образования, интегрированного в мировое образовательное пространство и удовлетворяющего личности и потребности общества». В конце своей речи министр пожелал участникам Форума плодотворной работы.

Начинания Германо-Казахстанского Форума высших учебных заведений поддержал и ректор Казахского национального университета имени аль-Фараби Б.Т. Жумагулов: «Казахстан с первых дней своей государственности провозгласил свою приверженность принципам демократического развития, открытого общества, всестороннего политического и экономического сотрудничества с различными государствами мира.

Продолжение на 2 стр.

САҢДА:

Шерияздан ЕЛЕУКЕНОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор:
«Бізді Абай шығармалары тәрбиеледі!»



4-бет

Өркен
Газет ішіндегі студенттер газеті

5-9-бет

ҚазҰУ-дың құшағына қош келдіңдер!

6-7-бет





Международное сотрудничество

Подписаны первые меморандумы о сотрудничестве между университетами Казахстана и Германии



(Начало на 1 стр.)

Наш университет отличают богатая история и многолетняя традиция сотрудничества с более чем 400 ведущими университетами мира и авторитетнейшими международными организациями. Интенсивно развиваются связи КазНУ и с вузами Германии. К слову сказать, в рамках сотрудничества с университетом Гейдельберга на протяжении нескольких лет осуществляется совместная подготовка докторов PhD в области математики.

В числе первых внедрив кредитную технологию обучения, наш университет перешел на признан-

ную во всем мире трехступенчатую модель подготовки специалистов: «бакалавриат-магистратура-доктор философии (PhD)». А в нынешнем году мы первыми на всем постсоветском пространстве осуществили выпуск докторов философии.

Подписание соглашений между вузами – это первые совместные шаги к тесному сотрудничеству двух стран в сфере высшего образования. Меморандум о сотрудничестве с Университетом прикладных наук г. Гамбурга с казахстанской стороны заключили ЮКГУ им. М. Ауэзова и КазНАУ.

Казахский национальный

университет имени аль-Фараби заключил Соглашение о культурном, образовательном и научном сотрудничестве со школой менеджмента университета Дюйсбург-Эссен. Согласно этому соглашению КазНУ и MSM будут поощрять прямые контакты и сотрудничество между своими факультетами, институтами и исследовательскими центрами, в частности по обмену студентами, преподавателями, докторантами, а также публикациями и научными материалами, имеющими особый интерес для обоих университетов.

Во время Форума во Дворце студентов им. У. А. Джолдасбекова была организована выставка достижений германских и казахстанских университетов. На выставке помимо двустороннего сотрудничества в области научных и прикладных исследований освещались современные проблемы в области аккредитации и рейтинга.

Этот форум уже стал рабочей площадкой обоюдного сотрудничества, катализатором идей и мнений, инструментом устранения противоречий и барьеров на пути формирования единого образовательного и научного пространства двух стран в контексте принципов Болонского процесса.

Жанар ЖАНСЕИТ

Әріптестік

ASIIN-ҚазҰУ: өзара ынтымақтастық

Жақында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Бақытжан Жұмағұлов Халықаралық ASIIN (Германия) аккредитациялық агенттігінің істерін басқарушы Иринг Вассермен кездесті. Еуропадағы ең беделді аккредитациялық агенттік басшысы мен Қазақстанның жетекші ұлттық жоғары оқу орны ректорының кездесуі қарқынды дамып әрі тереңдеп келе жатқан қазақ-неміс қарым-қатынастары, әсіресе жоғары білім саласындағы ынтымақтастық аясында өрбіді.

Кездесу барысында Иринг Вассер көптеген еуропалық құрылымдардың мүшесі болып табылатын және инженерия, информатика, жаратылыстану ғылымдары мен математика саласындағы білім беру бағдарламаларын аккредитациялаумен айналысатын ASIIN-нің белсенді қызметі туралы кеңінен әңгімеледі. Агенттік басшысы Германия мен Қазақстан арасындағы байланыстардың кеңеюіне ерекше қызығушылық таныта отырып, Қазақстандағы жетекші университеттің мәртебесі мен аймақтағы беделі,

ғылыми өлеуеті екіжақты тиімді қарым-қатынас орнату үшін өте қолайлы екендігін жеткізді. Екіжақты ынтымақтастықты дамыту барысы сөз болғанда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Б.Т. Жұмағұлов оқу орнында мамандарды дайындау сапасына зор маңыз берілетіні, ал білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредитациядан өткізу үшін ешқандай ішкі кедергінің жоқтығын, оның уақыт енісіндегі мәселе екендігін айтты. Бұдан басқа ректор ASIIN мен ҚазҰУ арасындағы

ынтымақтастықты университетті аккредитациялау аясынан тыс ауқымды бағытта дамытуды ұсынды. Ол халықаралық аккредитациялық орталықтың басшысына ҚазҰУ-дың қолдауымен өз қызметін осы аймақта жүзеге асыратын, оның ішінде Иран, Пәкістан, т.б. мемлекеттерді қамтитын ASIIN-нің орталық азиялық филиалын құру туралы ойын жеткізді. Иринг Вассер университет басшылығы оған қарасты агенттік пен басқа аккредитациялық ұйымдардың қызметіне байыпты мониторинг жасағандығын, сондықтан да Қазақстанның жетекші университетінің ұсынысын жоғары бағалайтындығын айтты. Кездесуден естелік ретінде құрметті қонаққа ҚазҰУ-дың Күміс медалі мен Қазақстан халықтарының бірлігін бейнелейтін "Қазақ елі" сыйлықзаты табыс етілді.

Өз тілшімізден

Ынтымақтастық

Ядролық энергетика саласындағы қарышты қадам

Жапонияда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Жапонияның атом энергиясы жөніндегі Агенттігі арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, академик Бақытжан Жұмағұловтың айтуынша, әлемдік атом энергиясының ірі ведомствосы мен Қазақстанның ірі ғылым мен білім беру орталығы арасындағы ынтымақтастық – отандық ядролық энергетиканы дамыту бойынша бірлескен бағдарламаларды жүзеге асырудағы нақты өрі байышты қадам. Екіжақты келісімдер нәтижесінде еліміздегі жетекші университетте атом саласының жоғары кәсіби білікті мамандары дайындалатын болады.

Бірінші кезекте шешу керек басты мәселе – жоғары кәсіби білікті мамандар дайындау. Бұл саланың білікті мамандары ғана атомдық технологияны ендіріп, құрады, жабдықтарды пайдаланудың сапасын қамтамасыз ете алады, дейді еліміздің бас оқу орнының басшысы.

Қыркүйек айының соңында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Жапонияның атомдық энергия Агенттігінің атқарушы директоры Хидеаки Йокомизо мен нейтронды сәуле мен реакторларды сынақтан өткізу жөніндегі жапондық Орталық директоры Хироши Кавамура бастаған делегация келген болатын. Шетелдік қонақтар Қазақстанның ең беделді жоғары оқу орнымен ынтымақтастыққа мүдделі екендіктерін айтып, ғылым мен білім беру саласында тез арада өзара байланыс жасауды ұсынған болатын. Сол жолғы кездесуде жақын арада дайындық кезеңін аяқтап, Жапонияда меморандумға қол қою мәселесі келісілген.

Меморандум бойынша жапондық Агенттіктің ғылыми қызметкерлері қазақстандық жетекші университет студенттеріне жүйелі түрде дәріс оқиды, ал ҚазҰУ оқытушылары мен студенттері жапондық департаменттер мен лабораторияларда тәжірибеден өтеді.

Жапонияға сапары барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Б.Т. Жұмағұлов Жапонияның Білім министрі мен Токио технологиялық институтының ректорымен кездесті.

Конференция

Әуезов және әлем әдебиеті

25-26 қыркүйек күндері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде "М.О. Әуезов және әлем әдебиеті" атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияда көрнекті әдебиеттанушы, академик М.О. Әуезов шығармашылығы мен ғылыми зерттеулерінің басты бағыттарына қатысты қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті арасындағы байланыстар, сондай-ақ оны жоғары және орта мектептерде оқытудың келелі мәселелері қаралды.

Халықаралық конференцияға Египет, Түркия, Қытай Халық Республикасы, Иран Ислам Республикасы, Өзбекстан, Қырғызстан, т.б. шет елдердің ғалымдары, белгілі жазушылар, жоғары және орта мектептің оқытушы-профессорлары, аспиранттар мен магистранттар, студенттер қатысып өз ойларын ортаға салды.

Жиынның жалпы мәжілісінде Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы, жазушы Н.Оразалин "Бүгінгі әдеби процесс және М. Әуезов", М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, академик С. Қасқабасов "Әдеби мұра және М.Әуезов", Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Т.Кәкішұлы "Мұхтар Әуезовтың әдебиет туралы ойлары", жазушы М.Әуезов "М.Әуезов шығармаларына жаңаша көзқарас", профессор З.Бисенғали "М.Әуезов және әлем әдебиеті" леген тақырыптарда баяндама жасады.

Өз тілшімізден



Қабілеттілік

Астанада өткен ҚазҰУ күндері



(Соңы. Басы 1-бетте)

Себебі, ол жерде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарихын, тыныс-тіршілігін паш ететін көрме ұйымдастырылып, ҚазҰУ профессорларының төл туындылары, ғылыми кітаптары Еуразиялық ұлттық университетіне сыйға тарту етіліп жатқан болатын. Көрмені тамашалауға жиналған жұртта сан жок. Көрме аяқталысымен ЕҰУ конференц-залында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті күндерінің салтанатты ашылу рәсімі басталды.

Салтанатты жиында Білім және ғылым министрі Ж.Түймебаевтың, Қазақстандағы Ресей елшісінің қатысуы да аталған шараның маңыздылығын көрсеткендей. ҚазҰУ ректоры Бақытжан Тұрсынұлының «Қос университет арасындағы ынтымақтастыққа бастайтын бұл алғашқы қадам — екі білім ордасы үшін де тарихи оқиға» деуі жиналған жұртшылықтың толғанысын тудырғаны сөзсіз. Ал ЕҰУ-дың бұрынғы ректоры М.Жолдасбеков бұл бастаманың өзге университеттерге үлгі боларын атап өтті. Өз кезегінде ЕҰУ жетекшілігі де өз пікірлерін сындарлы түрде жеткізіп, академик Бақытжан Жұмағұлова «ЕҰУ құрметті профессоры» деген атақ беріп, иығына мантия жапты. Б.Т.Жұмағұлов, С.С.Сартаев сынды академиктерімізден кейін осындай маңызды жиында ЕҰУ қауымы алдында білім нәрімен сусындатқан ҚазҰУ жайында өз ой-толғамдарымды жеткізуді үлкен бақыт әрі зор жауапкершілік санап, ҚазҰУ-да білім алатындығымыз мақтан тұтатынымды ерекше сезіммен жеткізуге мен де тырыстым.

Кеш барысында қос университет және олардың түрлі кафедралары ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойып, екіжақты ғылыми орта тәжірбие алмасып тұру жөнінде келісімге келді. Бұл ынтымақтастық туралы келісім өзге жоғары оқу орындары үшін үлгі ғана емес, жалпы Қазақстан ғылымы үшін тың бастама болды.

Салтанатты жиыннан кейін Еуразия университеттерінің студенттері Шығайева Мая Хажеддинқызы, Әбділдин

Мейірхан Мұбаракұлы, Наурызбаев Михаил Қасымұлы, Омашев Намазалы Омашұлы, Омарбеков Талас Омарбекұлы, Алауханов Есберген Оразұлы сынды кара шаңырағымыздың мақтаншы болған 20-ға жуық ғалым-академиктеріміздің «Қазіргі замандағы биотехнологияның жана бағыттары», «Қазіргі заман журналистикасындағы өзекті мәселелер», «Қазақты құраған ежелгі түркі тайпаларының этно-әлеуметтік мәселелері (б.з. Ү-ХІІІ ғғ.)» сияқты тарих, заң, филология, экономика салаларынан дәрісін тыңдады.

Ал біз болсақ кешкі концертке лайындық үстіндеміз. Республика көлемінде өтетін түрлі сайыстарды санамағанда Мәскеу төрінде өнер көрсеткен ҚазҰУ-дың жас өрендері үшін бұл кездесу де маңызды болды. «Фараби сазы» оркестрінің орындауындағы «Көңілашар», «Ыңғайтөк» күйлері барша жұрттың назарын сахнаға аудартты. Астаналықтарға сый ретінде ұсынылған айтыскер-ақынымыз Рүстем Қайыртайұлының арнауын еуразиялық достарымыз зор қошеметпен қабыл алды. ҚазҰУ-дың жан-жақты өнерлі студенттері көрерменді лезде баурап алды. Юрий Копновтың орындауындағы «Жастар өнін» жұртшылық шынайы шаттық көңілмен қабылдады. «Бақыт» би ансамблінің биін отырғандар көз алмай тамашалады. Ал өңші қызымыз Әсел Қарсыбаева өн салғанда, өлем жұлдызы Уитни Хьюстоннан кем түспеді. Концерттіміздің жақсы деңгейде өткендігін көрерменнің зор қошеметінен білуге болар еді. Жалпы қазақ өнерінің киесі ме, 75 жылдық мерейтойы қарсаңындағы университетіміздің киелі рухы ма, ниетіміздің түзу болғаны ма, әлде қасиетті Рамазан айында Алла Тағаланың қолдағаны ма сол күні абыройымыздың асқақтағаны айдан анық.

Кеш өрі карай студенттердің бейресми кездесуімен жалғасты. Ертеректе көрші ауыл жастарының алтыбақан аясындағы жиыны секілді мерекелік дастархан үстінде көңілді өзіл-қалжын, жарасымды әңгіме, ән айтылып жатты. Астаналық жастармен жақынырақ танысып, тез тіл табысып кеттік.

Сапарымыздың екінші күнінде белсенді студентермен кездесу ұйымдастырылып, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Жастар ұйымдары комитеті бір-бірінің жұмыстарымен жете танысты. Дөнгелек үстел үстінде бас қосқан жастар алдағы іс-шараларда, республикалық форумдарда, Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда ортақ мәміледе жұмыс істеуге бел буып, Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. ҚазҰУ-да қалыптасқан студенттік өзін-өзі басқарудың тиімді моделі еуразиялық әріптестеріміздің қызығушылығын тудырып, сурақ-жауаптар үзілмей өзара ой-пікір алмастық. Екі университеттің жастар ұйымдары арасындағы мәңгі достықтың белгісі ретінде ЕҰУ алдына мәңгі жасыл шырша ағашын отырғыздық. Әрбір студент шырша жанына таласып фотоға түсіп жатты. Сол сәттерден суреттер естелік болып қалды. Бағдарлама бойынша ЕҰУ ғамиратын, оқу корпус-тарын, Студенттер үйін араладық.

Кезек көптен күткен Астана қаласын аралау саяхатына да келді. Астанамызда алғаш рет келіп отырғандары қаланың көркіне, өсем ғимараттарына таң қалса, бірнеше мәрте келгендері Елордамыздың гүлденіп, күннен-күнге танымастай өзгеріп, қарқынды дамуына таң тамаша болды. «Бөйтерек», «Бейбітшілік пирамидасы», Министрліктер үйі, Парламент үйі сынды Астананың символдарына айналған сәулетті ғимараттарды көргеннен кейін көпшілігімізде өз болашағымызды осы каламен, осы ғимараттармен байланыстыру идеясы туындады.

Міне, қоншасатын да кез келді. Екі күн ішінде бауыр басып қалған еуразиялық құрбыларымыз естелік сыйлықтарын тарту етіп, уақыттың аздығына өкініп қимастай шығарып салды.

P.S.

Басты міндетіміз — киелі кара шаңырағымыздың абыройын асқақтату еді. Осы орайда, іс-сапарға барғандар өз міндеттерін орнықты орындап, аталған мақсатқа қол жеткізді деуге болды. Ендігі мақсат — Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетін абыроймен күтіп алу. Алматыға келген соң Студенттер сенаты отырысында белсенді жастарымызбен, құрбы-құрдастарымызбен сапардан алған әсерлеріміз туралы бөлісіп, алдағы уақытта астаналық достарымызды күтіп алу жұмыстарына кірісіп те кетті...

Назира БОЛДУРУКОВА,
Студенттер сенатының төрайымы
АЛМАТЫ-АСТАНА-АЛМАТЫ

29 сентября в Казахском национальном университете имени аль-Фараби состоялся «Круглый стол» — «За ратификацию Киотского протокола», организаторами которого стали Министерство образования и науки РК, профсоюз студентов КазНУ им.аль-Фараби, НДП «Нур Отан», МК «Жас Отан», Конгресс молодежи Казахстана, АГФРФМТО «Жасыл ел».

от населения на обновление парка энергетических объектов. Однако с ратификацией Киотского протокола — положение дел должно улучшиться. Энергетика — как основной источник выбросов парниковых газов в Казахстане — получает доступ к международным инвестициям и для обновления технологий, оборудования, тепло и электросетей и много другого. Проекты приведут к сокращению самих парниковых газов и других вредных выбросов, а значит, атмосфера в городах Казахста-

Мы за чистую страну!

В послании Главы Государства к народу Казахстана от 18 февраля 2005 года «Казахстан на пути ускоренной экономической, политической и социальной модернизации» была озвучена идея озеленения страны силами студенческой молодежи, путем реализации общенациональной инициативы «Жасыл Ел», и возрождения деятельности студенческих строительных молодежных трудовых отрядов на территории страны. С 2005 по 2007 гг. в рядах молодежных трудовых отрядов «Жасыл ел» порядка 65 тыс. бойцов, среди них немало и студентов Казахского национального университета.

Тем не менее, посадка деревьев сама по себе не может кардинально изменить экологическую ситуацию без сокращения объемов выбросов в атмосферу оксида углерода промышленными предприятиями. В результате ратификации Киотского протокола и создании казахстанского рынка углеродных квот будет действовать механизм как уменьшения вредных выбросов и сокращения парникового эффекта, так и улучшения экологической ситуации по республике в целом.

К сожалению, современное состояние Казахской энергетики плачевно и постоянное повышение тарифов — это попытка получить инвестиции

на станет чище. Кроме того, Киотский протокол стимулирует развитие альтернативной — возобновляемой энергетики (энергия ветра, солнца и воды). Такие проекты имеют важное значение, поскольку сокращают вредные выбросы.

Согласно Киотскому протоколу, развитие страны и страны с переходной экономикой могут совместно осуществлять проекты по снижению выбросов парниковых газов в атмосферу на территории одной из стран и затем «делить» полученный в 2008-2012 гг. эффект, «передавая» друг другу полученные «единицы снижения выбросов».

Оценивая всю значимость и необходимость скорейшей ратификации этого важного международного документа, а также принимая во внимание Указ Президента Республики Казахстан «О Стратегии эффективного использования энергии и возобновляемых ресурсов Республики Казахстан в целях устойчивого развития до 2024 года», студенты Казахского национального университета всячески поддерживают ее ратификацию и прилагают все усилия для реализации на территории нашей страны.

Еркебулан РАХМЕНОВ,
студент 2 курса, ФМО

Именная аудитория профессора Халикова

В Казахском национальном университете имени аль-Фараби прошла Международная научно-практическая конференция «Актуальные проблемы становления и развития судебной власти в Республике Казахстан», посвященная памяти и 70-летию со дня рождения доктора юридических наук, профессора Халикова Калимұлы Халиковича - одного из основоположников становления и развития науки о судебной власти в Республике Казахстан.

Начало работы конференции было предварено открытием на юридическом факультете аудитории имени К.Х. Халикова.

Как рассказали его коллеги и соратники, он мечтал открыть учебную аудиторию, в которой будущий судей можно было бы обучать, погружая в профессиональную среду. Этой мечте возможно стало осуществиться при поддержке Верховного суда Казахстана. Аудитория полностью, что называется «один в один», воссоздает обстановку зала заседаний суда. Предполагается даже, что здесь будут проводиться небольшие, но настоящие судебные процессы в целях практического обучения будущих специалистов судебной системы.

Участники конференции высказали свое мнение об особом вкладе профессора К.Х. Халикова в развитие судебной власти независимого Казахстана. Председатель Конституционного Совета РК Рогов И.И., тепло отзываясь о профессоре Халикове, отметил, что он до последних дней не переставал трудиться на благо своей страны, являясь членом рабочей группы по внесению дополнений и изменений в Конституцию Казахстана.

Ученые и практики обсудили этапы становления и развития национальной судебной системы Республики Ка-



захстан, актуальные вопросы совершенствования судебной деятельности, а также проблемы обеспечения защиты конституционных прав и свобод личности в сфере судопроизводства.

В работе конференции приняли участие председатель Коллегии по гражданским делам Верховного Суда РК Алимбеков М.Т.; академик НАН РК Сартаев С.С.; председатель Алматинского городского суда Барпибаев Т.Е., известные ученые-юристы Казахстана, дальнего и ближнего зарубежья.

Международная конференция имела большое практическое значение для судебных и правоохранительных органов Республики Казахстан, так как определила дальнейшие ориентиры судебно-правовой реформы в Казахстане.

Жанар ЖАНСЕЙТ



■ Біздің сұхбат



Шериаздан ЕЛЕУКЕНОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты, профессор:

“Бізді Абай шығармалары тәрбиеледі”

Биыл “Қазақ университеті” газетінің 60 жылдық мерейтойы. Осыған орай мәдениет және қоғам қайраткері, сыншы, жазушы, ғалым, кезінде “Қазақ университеті” газетінің тізгінін ұстаған Шериаздан Елеуеновпен басылымның өткені жайында сыр шерткен едік. Төменде сол сұхбатты оқырман назарына ұсынып отырмыз.

- Шериаздан аға, өзіңіз басқарған кезде университеттік газет қандай еді? Ескеменде “Коммунизм таңы” газетінде жүрген кезімде конкурс жарияланды. Сол байқаудан өтіп, ҚазМУ-ға оқытушы болып ауыстым. Газеттен келді ғой дегендей, университеттік басылымға редактор етіп қойды. 59-жылдың кезі. Газеттің ол кездегі басты мақсаты белгілі ғой, оқу процесін дұрыс жүргізу, жақсы маман даярлау. Лениннің айтқаны бар: “Газет дегеніміз коллективтің жұмысын ұйымдастырушы”. Бірақ оңай емес, ешкім жазбайды. Қаламақы жоқ. Сосын практиканттарды шақырамыз. Ақы алмайсың, ештеңе алмайсың, бірақ аптасына бір рет шығады. Барлығы төрт бет, оны қарау керек, іріктеу керек. Әйтпін-бүйтпін шығарамыз. Кәдімгідей жұмыс. Мен барғанда газеттің атауы “За отличную учебу” болатын. Парткомға айтып, “Қазақ университеті” – “Казахский университет” деп өзгерттім.

- Ал басылым мен оқырмандар арасындағы байланыс жайына тоқталсақ...

- 60-жылдың басында университеттің әдеби үйірмесі Мұхтар Әуезовті кездесуге шақырды. Ол кезде әдеби үйірмені Әбіш Кекілбаев басқарады. Әуезовтің келу құрметіне газеттің бір нөмірін арнадық. Редакцияға студенттердің өлеңдері, әңгімелері келіп түсті. Есімде қалғаны Әбіш Кекілбаевтың көлемді мақаласы. Қолыма алып білек сыбанып, оқи бастаймын ғой енді. Ол төртінші курстың студенті, мен мұғаліммін. Оқып келем, оқып келем, ақыры аяғына бір-ақ шықты. Бірден ешқандай түзетусіз басуға беріп жібердім. Екі “т. одвалға” қойды. Ол сол кездің өзінде-ақ дайын жазушы еді.

- Газетке енгізем деген, бірақ жүзеге аспай қалған бастамаларыңыз болды ма? Қандай жаңалық әкелдіңіз? - Бір күні проткомға шақырды.

ҚазМУ-дың сексен студенті сол кездегі ректор Дарханбаевтың атына “Тың өлкесін құрғанға қарсымыз” деп хат жолдапты. Солтүстіктегі бес облысты қосып, “Целинный край жасаймыз” деді емес пе. Содан басшылық мені шақыртып Тың өлкесіне арнап бір нөмір шығар деді. Тарих ғылымдарының докторы Б.Тұрсынбаев бір баған мақала беретін болды. Енді тағы бір беделді адамның пікірі керек. Содан ойланып Сәбит Мұқанов есіме түсті. Ол кісінің тың көтеруге байланысты бірнеше мақаласын оқығанмын, әр сөзі өтімді, беделді. Сәбеңе хабарластым. “Қазақ университеті” деген кішкентай газет бар еді. Тапсырма алып едім. Тың өлкесі жайында мақала керек болып тұр” деп жағдайымды айттым. “Ертең сағат он бірде Үкімет үйінің алдына кел”, - деді. Фотографты ертіп бардым. Барсам, менің үстімде макентош, ал ол костюмшең келді. Денсаулығының мықтылығы ғой. Қолыма мақаланы ұстатты. Үш абзац екен. Осы-ақ па дегендей бетіне қарадым. Бермеген сұрағымды сезіп қойды. “Көңілсізден к... жоқ бала туады” деді. Мақаланы суретімен қосып бастық.

- Аға, Сәбит Мұқановтың Тың өлкесін құруға көзқарасы қандай еді? - Қазір оқып шықсаң, тың өлкесін жақтаған ештеңе жоқ. Тек жастарға егін егіңдер, тынды игеріңдер дегені болмаса, ол кісі іштей қолдамаған екен-ау.

- Әр қадамың аңдулы кезеңде газет тізгінін ұстау оңай болған жоқ шығар?

- Есімде қалған келесі бір эпизод, редакторлықтан қалай босағаным туралы. Университетте түрлі мәдени шаралар ұйымдастырумен айналысатын “Жеті муза” деген студенттер қоғамы болған. Бір күні таңертең кабинетіме сол қоғамның басшысы Бақтажар Мекішев келді. Келді де бірден сауал қойды: “Сіз редакторсыз ғой. Айтыңызшы, жүрегіңіз қояндікі ме, арыстандікі ме?” Сөйтсек, сол кездегі проректор Вакс Верг Ельдаров деген грузин жігітіне баға қойып бер депті. Өзі қайда десе, Кавказда деген екен. Осыны газетке жаза аласың ба деп сұрады. Басып жібердім. Айқай-шу көтерілді. Сосын Май мерекесіне нөмір шығарғанбыз. “Молодая гвардия” деген өлеңді бастым. “И снег, и ветер” деп басталушы еді. Алматы обкомы шақырды, подшивканы ала келуімді ескертті. Барсам, «Аполитичный өлең шығарыпсың» деп дүрсе қойды. Мені ақтап “Лениншіл смена” бір баған қылып “Паутина” деген мақала жариялады. Ақыры аналар жеңілді. Бірақ шақырып алып, үш жыл жұмыс істедім, орынды босатсаң қайтеді деп, шығарып салды.

- 60 жыл бұрынғы қазақ журналистикасын еске алсаңыз...

- Өскеменде облыстық газетте сегіз

жыл істедім. Содан конкурс жарияланып Алматыға келдім. Басында ЦК-ға шақырған болатын. Өтпедім. Неге өтпегенімді кейін түсіндім. ЦК-да істеген жолдасымнан: “Сен ішінде жүрсін, білесің ғой. Қандай сұрақтар қояды”, - деп сұрағанмын. “Несі бар, тек шынындай айт”, - деді. Мені насихат бөлімінің бастығы Алексей Тимофеевич Иванов деген қабылдады. “Біз қазір переводный газет жасап жатырмыз, қалай қарайсың?” - деді. “Положа руку на сердце, относись к этому отрицательно”. Әлгі шошып кетті. “Как?”. “А так! Это приведет к ликвидации казахских кадров”. “Ведь и на русском и казахском будет”. “Кто знает казахский? Хотя бы назовите из тысячи русских журналистов которые знали бы казахский язык. Значит, МЫ будем переводчиками. А что такой перевод? Вы знаете, “Переводчик с прозы – раб” как говорил Жуковский. “Ну ладно, сен жүре бер. Біз өзіміз айтамыз” деді. Сөйтті де шақырған жоқ. Көрдіңіз бе, “Социалистік Қазақстанды” переводный газет жасайын деп жатқанын. Оған Қасым Шәріп келіскен. Бұл дегеніміз қазақ журналистерін сызу деген сөз, олардың болашағына балта шабу.

- Қазақ кітабына қосқан үлесіңіздің орасан зор екенін көпшілік қауым жақсы біледі. Кешегі мен бүгінгі баспа ісіне деген берер бағаңыз?

-1971-1986 жылға дейін Қаз ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы жөніндегі комитетті он бес жыл бойы басқардым. Жағдайды білесің, өндіріске қарай шешім қабылдайсың. Төрт-бес планымыз бар. Біреуі орындалмаса, бөлеге қаласың. Райкомнан бастап сонау үкіметке дейін шақырып алып, есінді шығарады. Сондықтан күндіз-түні жұмыс істейсің. Қазір көп баспаларда әлі күнге дейін келесі жылдың жоспары жоқ. Ол кезде біз пайда түсіретінбіз. Аз ақша емес, 12-13 миллион рубль, ол бүгінгі 12-13 миллион долларға тең. Бүкіл Республика бойынша 22 мың жұмысшымыз бар. Газет редакцияларын асыраймыз, жазушыларға гонорар береміз. Содан қалғанының өзі 12-13 миллион рубль. Ол кезде романдар көп өтетін. 30 мың таралымға дейін шығаратынбыз. Орыс тілді кітаптардың тиражы тіптен көп. Олжастың “Аз и Я” кітабын 100 мың данамен бастық. “Қан мен тер” миллиондап қайта-қайта шықты. Ақырындап компьютерге көшуді қолға алған едік. Сосын қайта құру басталды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиыншылықта біздің жарты ставкамызды қиып тастады. Сосын қайта ҚазМУ-ға жұмысқа бардым.

- Ұстаздық қызметіңіз қалай өрбіді? - Университетке барған соң, алдымен журналистика факультетінде кафедра ұйымдастырдым. Сол кездегі ректор

Көпжасар Нәрібаевқа айтып журналистік шеберлік мамандығын “Баспа ісінің негіздері” деп өзгерттім. Министр Алтынбек Сәрсенбаевқа барып, 20 аталымға қаламақымен план бекітіп алған едім. Өзім екі аталым жаздым. Біреуі – “Қазақ кітабының тарихы”, екіншісі – “Кітаптану негіздері”. Ешкім жазбады, қалғаны қалды.

- Қазақ кітабының жанашыры ретінде оның бүгінгі жағдайы жайында не айтар едіңіз?

- Бүгінде қазақ кітабына оңай болып тұрған жоқ. Капиталистік ел Ұлыбританияның Виктория деген королевасы тұсында, 19-ғасырда кітап өндірісі биікке пырқап керемет дамыған. Бағасы арзан кітап шыққан. Кітап арзандау керек. Талай жазып та, айтып та жүрмін, жазушыларды қолдау керек. Бұлай болмаған жағдайда, түбі қиынға соғады. Әрбір адамда екі нәрсе бар. Біріншісі рух, сосын ар жағында тұрған хайуан. Хайуандықты жауып тұрған аралық, ол – мәдениет. Мәдениет жоғалса бәрі хайуанға айналады. Алдында бір миллионер балдызымның үйінде болдым. Кітаптарын көрейін десем, «Ештеңе оқымаймын, үйімде қол сұртетін де кітап жоқ» дейді. Ол не деген сөз? Бұл үрдіс жалғасса, бара-бара жұрттан қаламыз. Бізді Абай шығармалары тәрбиеледі. Алаш азаматтары да Абайдан үйренген. Сондықтан кітап оқымау – халықты жарға жығатын үлкен мәселе.

- Соғыстан кейінгі қиын шаққа тұспа-тұс келген сіздің студенттік шағыңыз қалай өтіп еді?

- Алматыға 1946 жылы келдім. Демобилизациядан әскерлер үй-үйлеріне қайтып жатқан кез. Оқуға конкурспен түстік. Мен қаңғырып, орыс тобына барып қалыппын. Өзім орысша жөнді білмеймін. Бірақ өтіп кеттім. Студент кезімізде газетке жазып тұрдық. Одан соң КазТАГ-қа хабар алып бере қоямыз. 5-10 теңге ол кез үшін үлкен ақша. Қарынымыз тоя бастады, қыздарды киноға шақыратын болдық. Сол кезде бірінші курста аннан-мыннан хабар жазып, бір сағат алып алдым шікірейіп (күледі). Ол кезде сағат алу білесің бе? Қазіргі БМВ мәшинесін мінгеннен артық. Бітіргеннен кейін МГУ-дін аспирантурасына жіберген болатын. Өкешешенің қаражаты жоқ. Ойланып-ойланып, одан бас тарттым.

- Алпыстың асқарына келген “Қазақ университеті” газетіне тілегіңіз?

- Заманымыз түзу болсын. Аспанымыз ашық болсын. Журналист ең бастысы өмірде не болып жатқанын білу керек. Тың ойлар айту керек. Жаза алсаңдар, өмірді жазу керек, шындықты жазу керек. Коммунистік партия неге құлады. Шындықтың бетіне тура қарай алмады. Сосын шовинизм. Орыстың шовинизмі. Сен министрсің. Ал еденіңді жуып жүрген қызметші саған колонизатор ретінде қарайды. Сенің қол астыңдағы – сенің шпионың. Қыңқ етсен баяндайды. Бүгін одан құтылдық қой. Шекарамыз бекітілді. Ойдағы орыс та, қырдағы қытай да мойындап отыр. Бұл Қытай қорғанынан әлдеқайда күшті. Екіншісі астананы Ақмолаға көшірдік. Горбачевке дейін шудады емес пе алып кетеміз деп. Енді Елорданды қалай алады?! Өзім әжемнің бауырында өстім де, құдайшыл болдым. Университеттің екінші курсында “Диалектический материализмді” оқығаннан кейін, сенімің пайқала бастағандай көрінді. 1991 жылы тәуелсіздік алғанда Құдай бағ екен деп ойладымын. Алла берген азаттығымызды сақтап қалу керек. Бақыт осы. Сол бақытқа ие болу керек. Осы бағытта еңбек етуіміз керек. “Қазақ Университеті” осы бағытқа қызмет ете берсін.

- Өңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ



ӨРКЕН

№1 (1)

Газет ішіндегі

студенттер газеті

“ӨРКЕНГЕ” ӨЗЕК БОЛАЙЫҚ, ЖАС ДОСТАР!!!

Асқак рухты азамат тәрбиелеуді мақсат еткен, студенттер шығармашылығын дамытуды басты қағидасы ретінде ұстанған “Өркен” жастар газеті ХХ ғасырдың аяқ кезінен-ақ өз арнасын бастаған болатын. Әр жылдардың тізбегінде басшылық тізгінін ұстаған қайраткерлер, мәдениет министрі болған марқұм Алтынбек Сәрсенбаев, ҚР президентінің баспасөз хатшысы Бейбіт Исабаев сынды ел ағалары еді. “Өркен” осылай өз уақытындағы студент жастардың өркен жаюына ықпал еткен-тін. Жас тәлімгерлердің ел ертеңіне қосар үлесінің зор екендігін ескерген. ҚазҰУ жетекшілігі осы “Өркен” жастар басылымын газет ішіндегі газет ретінде қайта шығаруға ниет етіп отыр. Міне, бұл “Өркеннің” ХХІ ғасырдағы алғашқы шығарылымы болмақ.

Алғашқы аяқ алысында-ақ, бұл басылым “Өркен” және “Горизонт” деген атаумен қазақ және орыс тілдерінде шығып, деңгейі жоғары беделге ие болған. Сол кезеңдегі студент жастардың жанайқайы, заводтарда жұмыс істеген жеткіндердің жетістіктері, жас қаламгерлер мен ақындардың шығармалары жарияланып тұрды. Өз кезегінде Қайрат Әлімбаев, Жарас Сәрсек сынды ақын ағалар жырларымен “Өркен” газетін өрнектелді.

Міне, одан бері 15 жылдың жүзі болды. Ескінін көнерген, келешектің жанарған кезеңі. Алаш азаматтарының салған сара жолдарын бүгінгі ұрпақ жалғастырғысы, жанартқысы келеді.

“Газет — адамның көзі, құлағы, һәм тілі” деп Ахмет Байтұрсынұв айтқан екен. Көзді ашып-жұмғанша жылдам хабар жеткізетін бүгінгі баспасөз бағлар халыққа қалтқысыз қызмет етіп келеді. Бүгінде жастардың жансарайын ашар басылымдар қатары күннен-күнге көбею үстінде екені жасырын емес. Себебі болашақтың бүлтты таңын серліп ашар жастар ел ертеңін бүгіннен ойлап, өткеннен таразылайды. Сол орайда студент жастарымыздың жанына сая, көңіліне көрік болар “Өркен” студенттер қосымшасы жарыққа шығып отыр. Аты айтып тұрғандай ХХІ ғасырдың өрлі де, рухты, талантты да, танымды болашақ иелерін өз шаңырағына жинап, “Студенттік қызық мол жылдардың” үкілі сәттерінен тамыр тартпақ. Сен студентсің, жастық күшің тасыған, қауырсын қаламың ұшталған, жырдаң шашу шашатын қабілетің бар. Осы орайда 19 мыңға тарта студентін алақанында аялап отырған ҚазҰУ келешектің кемеріне өрнегін салар таланттарға құшағын кеңінен ашуда, өзінді өзгеге танытуға, замандастарымен табысуға ашық жол нұсқап отырған жайы бар. Жалындаған жас өркен жасымай, қазақ ұлтының ұлылығын өспеттер нұрлы бейнелі дүниелері тек біздің басылымда жарияланып, жасара берсе нұр үстіне нұр емес пе?!

Ендеше, “Өркенімізді” өркендетейік достар!!!

Жанат ҚАСЫМБЕКОВА,
“Өркен” студенттер газетінің
Бас редакторы

ЖАСТАР ШЖІРІ ҚОҒАМ ҮШІН МАҢЫЗДЫ

Университетімізге Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Алтын сапа» сыйлығын өз қолымен ұсынғанын еліміздің әр аймағынан білім кілтін іздеп келген жас өрен жақсы біледі. Осынау жетістіктің жайдан-жай келмегендігі айдан анық. Бұл бізге сонымен қатар зор міндет те жүктейді. Әсіресе ҚазҰУ көп салалы жоғары оқу орындарының санатына жататындықтан, отандық білімнің қарашаңырағына қойылар талаптар да сан алуан. Осы орайда студенттің білім деңгейі ең бірінші орында ескерілетіні анық. Себебі, 21-ғасыр білім ғасыры, сапалы білім ғана елді биікке бастар сара жол. Ал сол жолда араспай нық қадам жасау үшін арнайы әдістер мен басқару тетіктері керек. Ең бастысы шешендік өнер мен жүйелі сөйлеу тәсілі қажет.



Бір анығы ҚазҰУ-дың білім нәрімен сусындап жатқан студенттерінің потенциалы өте жоғары. Олар лекциялармен, семинарлармен шектелмейді, әрқашан білім сапасын арттыруға үздіксіз ұмтылады. Қазақ «Бұлақ көрсен көзін аш» дейді. Сондықтан университетіміздегі “Алтын сапа” пікір-сайыс клубы, соңғы кездері студенттер арасында үлкен қызығушылық тудырып жүрген пікір-сайыс ойындары өзіндік ойын ашық жеткізгісі келетін, тұлға болып қалыптасуды мақсат тұтқан жасқа қашанда көмегін аяған емес. Клуб республикалық, қалалық жарыстарда көптеген жетістіктерге жетіп ҚазҰУ-дың абыройын асқақтатып табысты жұмыс істеп келеді.

Сәрсенбінің сәтті күнінде Ө.А.Жол-

дасбеков атындағы студенттер сарайының жастар рухани орталығында бас қосып, қоғамдағы түрлі саяси-экономикалық және жастардың көкейкесті проблемаларын ортаға салып, пікір алмасады. Сонымен қоса қызықты психологиялық ойындар, тренингтер өткізеді. Театрға барып спектакль тамашалау, табиғатқа шығып бейресми кездесулер өткізу тым бөлек

қызығы таусылмас өңгіме. Қазақстанның әрбір аймағына барып пікір-сайыстыру, тәжірибе алмасу, қоғамның алдында еш қиындықсыз ойынды ашық жеткізу пікір-сайыстын арқасында іске асатын дүние.

Сонымен қоса жақсы үрдіске айналған пікір-сайысшы жастарды университетіміздің атынан ҚР Парламенті мәжілісінде қоғамдық көмекші бағдарламасы бойынша іс-тәжірибеден өткізу жақсы жолға қойылған. Мәжіліс және сенат депутаттарымен бірге заң жобаларын талқылауға қатысудың өзі әрбір жасқа үлкен стимул, ынта беретіні рас. «Алтын сапа» пікір-сайыс клубы “Хабар” телеарнасындағы «Азамат» жастар парламентімен де тығыз қарым-қатынаста. «Азамат» жастар парламентінің әр түсірілімінде біздің пікір-сайыс клубының жастары өз ұсыныстарын ортаға салады. Теледебат клубының 60 пайызын ҚазҰУ-дың студенттері құрайды. Осының өзі бізге өзге университеттердің алдында салмақты уәж айтуға мүмкіндік береді.

Пікір-сайыс көп ізденісті талап етеді. Интернет пен газет пікір-сайысшының ақпарат көзіне, әрі жақын досына айналады. Өйткені пікір-сайыс ақпараттар жарысы. Пікір-сайыстың тағы бір артықшылығы студенттің сабақ барысында ойын еш қиындықсыз ашық әрі нақты, жүйелі жеткізе білуге үйретеді. Дайындап келген конспектіңізге көз жүгіртпей, нағыз оратор екеніңізді дәлелдеп жоғары бағалансаңыз әрине нұр үстіне нұр емес пе?!

Бұған қоса, Сіздерге 2008-2009 жылғы жоспар бойынша киелі қара шаңырағымызда факультетаралық және ректорымыз Б.Т.Жұмағұловтың кубогы сарапқа салынатын республикалық пікір-сайыс турнирін өткізуді жоспарлап отырғанымызды еске салғым келеді.

P.S.

Ендеше, біліміңізді тереңдеткіңіз келсе, қоғамдағы актуалды проблемалардан хабардар болып, тұлға ретінде қалыптасудың жолдарын іздесеңіз “Алтын сапа” пікір-сайыс клубына келіңіздер! Студенттік өмірдің қызықты да, маңызды сәттерінен құр қалмаңыздар!

Нұрсұлтан ҚҰРМАНОВ, «Алтын сапа» пікір-сайыс клубының үйлестірушісі

«Озат ой» дискуссиялық клубына шақырамыз!

Жаңа оқу жылында университетімізге зор серпіліске толы «Озат ой» атты дискуссиялық клуб ашылды. Барлық талаптарға сай құрылған бұл клуб білім ордамыздағы, еліміздегі, тіпті бүкіл әлемдегі болып жатқан мәселелерге байланысты ой қосып, пікір білдіру жұмыстарын іске асыруды мақсат етіп отыр.

Дискуссия — адамдардың қоғамдық, саяси, мәдени, әлеуметтік, рухани және өзге де мәселелер жөніндегі пікір алмасуы. Жалпы алғанда мұндай клубтар өлемнің кез келген елдерінде өз жұмыстарын сәтті жүргізуде. Олар кез келген мәселені талқылап, халық үшін ортақ пікір қалыптастыруға өз септігін тигізуде. Солардың ішінде Ресейлік «Ресей модернизациясы» атты дискуссиялық клубы өз елінің экономикалық дамуы тақырыбында көптеген мәселелерді қарастырып, олардың көрші елдермен байланысын зерттейді. «Озат ой» дискуссиялық клубының алдына қойған мақсаттары еліміздің ең беделді университеті, яғни Қазақ ұлттық университетінің мақсаттарымен бағыттас. Себебі біз

өзіндік пікірі бар, еліміздің жас патриоттарының ой-санасын одан әрі дамытуды, қоғамдық маңызды мәселелерді талқылап, ой түйе білуін, тәжірибе мен идеялар алмасуын, ғылымда шешілмей жатқан мәселелермен танысуы және талдауын жүзеге асырсақ деп жоспарлап отырмыз. Егер осы мақсаттар іске асатын болса, оның әрине берері мол болмақ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің базасында қалыптасатын жастардың теориялық, практикалық білімі пікір білдіру арқылы дамиды. Жас маман өзінің тәжірибелік білігіне қажетті білім мен тәсілдерді игерумен қатар қоғамдағы құндылық қатынастарын таниды. Бүгінгі күндегі жоғары мектеп стандарттары қажетті

білім мен идеяларды, концепцияларды береді.

Көптеген студенттер дискуссиялық клубтың пікір-сайыс клубынан айырмашылығы не, ерекшелігі қандай деген сұрақтар қойып жатады. Оның айырмашылықтарына тоқталып кетейік. Пікір-сайыста тақырып талқылауда жеңуші және жеңілуші тараптар міндетті түрде анықталады, пікір сайыстыратын студенттердің сөзге шешен болуы өте қажет. Ал дискуссиялық клубта сіздің өзіндік пікіріңіз маңызды, шешендік басты талап емес.

Дискуссиялық клубтың жиналыстары аптаның сейсенбі күндері сағат 17⁰⁰-де Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайының рухани орталығында өтеді. Келемін деушілерге есік әрқашан ашық! Еліміздің көркеюіне, дамуына өз үлесімізді қосайық, жастар!

Дархан ӨМІРБЕКОВ,
«Озат ой» дискуссиялық клубының президенті

6-казан күні Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 1 курс тәлімгерлерін Студенттер қатарына қабылдау мерекесі өтті. Тек әр факультетте шағын көлемде ғана аталып келген бұл мерекені ҚазҰУ қалашығы аттай алты жыл күтті. Иә, бұл жыл бұрнағы жылдан өзгереді болды.

Алтын күздің жаймашуақ күнінде Алатау баурайы ән мен сәнге толды. Университеттің бас алаңында студенттер мен профессор-оқытушылар құрамы, университет мақтанышына айналған түлектер – белгілі – қоғам, мәдениет, ғылым, спорт пен бизнес қайраткерлері бас қосып, арқа-жарқа болды. Мың орындық залға тығылмай кең құшақ жайлауда жүргендей күй кешті студенттер.

ҚазҰУ-дың құшағына



Бір ғұлама кезінде “Айға жеткің келсе, жұлдызды көзде” деген екен. Қара шаңырақ ҚазҰУ-дың көздеп отырғаны да әлемдік білім кеңістігінің элиталары әйгілі Оксфорд, Кембридж университеттерінің жеткен жетістіктері. Әйтсе де, бұл арыстанның айға ұмтылуы емес, керісінше ақылы мен еңбегіне сенгендердің ісі. Сонымен қатар, бұл білім ордамызға есімі берілген ғұлама ғалымның аманатына деген адалдық. Ендеше қазақ топырағында туған фарабилық Әбу Насырды әлем екінші ұстаз деп мойындаса, осы ардақты атты арқалап жүрген ҚазҰУ-дың дүниежүзілік білім-ғылым кеңістігінің биігіне ұмтылмауы қисынсыз. Себебі, ұлы арманы барлар ғана ұлы мақсаттарға қол жеткізеді. Иә, бүгінгі студенттер қатарына қабылданып отырған жас тәлімгерлерді де ҚазҰУ құшағында жинап отырған сол арман емес пе? Еліміздің түкпір-түкпірінен ағылған жастар Алматыға өз елінің сәлемін жолдап, ата-анасының, ауыл-аймағының үмітін арқалап келді емес пе? Қос қолдарындағы көтерген жүктен бұрын, жұдырықтай жүректердегі жүк ауыр-ау.

Кешегі үш жүздің басын жиған Құлтөбедей ұлан-ғайыр атыраптан ағылған өрендерді қарсы алып ҚазҰУ қарт тұр. Баршаны бауырына басқан талай ғасырлар мен мыңжылдықтарға куә болған көнекөз қария Алатаудың да ішіне бүккен сыры мен айтары мол. Сарғайып тұрған сайын дала, заңғар таулар сонау хас сақтан қазаққа мұра боп қалған асыл Атамекен. Талай қантөгістер мен қаралы күндердің даусы Алатаудың қатпарында әлі күнге дейін жаңғырады. Сол ұлан-ғайыр қазақ жері не замандарды бастан өткермеді. Еңкейгенге, еңкейді, шалқайғанға, шалқайды. Талай өркениеттердің ошағы болды. Қанша қала от құшты. Қанша астана топырақ астында қалды. Заңғар биік Алатау бәрін көріп қайғыдан жасы өзен боп ағып, қасіреттен тітіркенген жүрегі мұз боп қатты. Алатау, бөріне куә. Кезінде асық ойнап асыр салған Әбу мен Дойыл да оның есінде. Сол ұлағатты бүгінгі ұрпақтары да естісе дейді Алатау ақсақал. Себебі, ұрпағы білім-ғылым жолында жүрген халық қана қартаймайды. Ондай ұлттың жады жаңғырып отырады. Сондықтан да, “Ғалымның хаты

өлмейді”. Ел үшін еңбек еткенді, Отаны үшін шамшырақ болып, білім мен ғылым дөнін сепкенді елі ғана емес бүкіл әлем мойындайды. Ал бас пайданың қамымен, қарынның заңымен жүргендер уақыт тезгісіне төтеп бере алмасы анық. “Сауда сақал сипағанша”. Ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүрген Дойылды да ұмыту жеңіл еді. Ол тарих қатпарында қалып қойды, ал Әбу Насыр есімі мыңжылдықтарға мойын ұсынбай бүгінге жетті.

Мұның бәрін сіз сахнадан көрдіңіз, енді ҚазҰУ табалдырығын аттаған әрбір жастың жанарынан байқайсыз. Бұл кеште олар биік мақсаттарға ұмтылды, еліміздің элиталы жоғары оқу орнының шәкірті ретіндегі артылар жауапкершілік жүгінің қаңшалықты салмақты екенін сезінді. Жиынның маңызды сәтінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Б.Т. Жұмағұлов еліміздің көшбасшы университетінің студенті атану бақытына ие болғандарды құттықтады. Студенттерге білім-ғылым жолында аянбай еңбектеніп, жаңа белестерді бағындыруды тілек етті.

Сонымен қатар әр курсқа тұңғыш рет университет тарихына еніп, ондағы

әрбір атаулы күндерді – «Алтын аралық», оқу бітіру, 10, 20, тіпті 50 жылдық түлектер кездесулерін белгілеп отыратын есеп кітапшалары табыс етілді. Оны университет мақтанышына айналған үздік түлектер – ҚР ҰҒА академиктері Өмірзақ Айтбаев пен Болат Көмеков, ҚР ҰҒА бірінші вице-президенті Надир Надиров, ҚазТАГ бас директоры Сейітқазы Матаев, ҚСЗИ директоры Болат Сұлтанов сынды ел аузында жүрген азаматтар тапсырды.

Бірінші курсқа қабылданған ізденушілер ҚазҰУ-дың мақтанышына айналған түлектердің жолын үзбей жалғастыратынына уәде берді.

Жеңіс эстафетасын университет түлектері, Олимпиада чемпиондары Ермахан Ыбраимов пен Болат Жұмаділов зор сеніммен ұсынды. Эстафетаны қабылдаған жастарға қарап, ҚазҰУ-ға қадам басқан қаршадай ғана өрендердің мақтауға да, мақтануға да тұрарлығын байқайсың. Мысалы Пекин олимпиадасына бақ сынаған спортшыларымыздың да осы қасиетті қарашанырақты тандаған бекер емес-ау. ҚазҰУ көп салалы университет. Мұнда сан алуан білім-

ҚОШ КЕЛДІҢДЕР!



ғылым жолында ерен еңбегімен еленген оқытушы-профессорлар құрамы дәріс береді. Сондықтан, мол білім нәрімен сусындаған біздің түлектер ел тыныс-тіршілігінің барлық салаларында еңбек ететіндігіне әрі қай кезде де, қай жерде де көшбасшы екендігіне тағы бір көзіміз жетті. Бүгінгі студенттер алдында одан да зор табыстар тұрғандығы даусыз. Себебі, олар тәуелсіздіктің құрдасы. Ататүрік "Мен түрік екеніме мақтанамын" деген идеяны әрбір түрік азаматының бойына сіңірген. Түркияны талай дағдарыстан алып шыққан да сол ұстаным екендігіне ешкім таласа қоймас. Қос студентке Студенттік билет пен Білім кілтін өз қолымен ұсынған Бақытжан Тұрсынұлы да әр жүректің түкпірінде "Мен ҚазҰУ-дың студентімін" деген мақтаным сезімі тулап тұрса деген ойды темірқазық қылды.

Осы күні Студенттер сарайының алдында мерекелік көңіл-күй орнап, түрлі-түсті отпашулар мен күмбірлеген күй тартылып, мыңдаған өнерлі жастың қатысуымен театрландырылған концерттік бағдарлама баршаның көңілінен шықты. Қызылды-жасылды, ту түстес сырт сипаттарымен жүздеген

студент сахнаны жүз құбылтты. Жалаулатып жарқ етіп, алау ұстап айналып аң-таң қылды жиылған жұртты. Қимыл-қозғалыстарындағы баландық пен көздерінде жалындаған от көңіл түкпірін қыттықтады. Мыңдаған шамшырақтар жағылып, жерді аспанға айналдырды. Әркімнің қолындағы шырақ сөнбесінші деп тіледік біз де. Қойылымды қия алмай қас қарайғанша қызықтадық. Жұлдызды түн Студенттер қатарына қабылдау мерекесіне арнап жанартылған университеттің бас алаңында қазақстандық өнер жұлдыздарының ән-шашуларына ұласты. Мереке соңы студенттерді ерекше көңіл-күйге бөлеген түрлі-түсті отпашулар көкке атылды. Аспанда ортекедей ойнақтап, от-шашулар "биледі", жерде әнге қосылып, студенттер биледі. Күздің қоңырсалқын түні жарасымды жылылыққа бөлгенді. "ҚазҰУ – білім қалашығы", "ҚазҰУ – чемпиондар қалашығы", "ҚазҰУ – жастар қалашығы", "ҚазҰУ – арман қалашығы" деп жар салып тұрғандай болды әрбір жастың жүрегі.

Бұл күн ҚазҰУ – қазақстандықтарының

маздатуға келген сары ауыз балапандарын құшағына қысты. Жылы шырай танытты. Ұлағат айтты, өнеге көрсетті. Бағыт-бағдар сілтеді. Бала шақтан болашаққа қадам басқан жастарды жетім қозыдай жалтақатпай олардың жалынды жігерін жаныды.

Бұл серуен сергелден емес, мән-маңызы асқан, сәні мен әні жарасқан серуен болды. Көңілді тапқырлар клубының жігіттері бәріне сәлем жолдап, жаңа ғана студент қатарына қабылданып жатқан інішектеріне "Аманың қайда?" деп "дүрсе" қойғанымен, өзгелер "Неге оқуға биыл түспеді екен" деп шынайы күрсінгені бар ма?

"Сен мектепте өте жақсы оқу керексін, ал университетте одан да зор еңбектенуің қажет" деген екен бір дана. ҚазҰУ тек Қазақстандағы емес, Орта

Азиядағы жетекші оқу орны, демек қарашаңырақтың студенттері де озық ойлы мектеп түлектерінің талпынатын ордасы. Ендеше, орта мектеп қабырғасынан қанаты қатайып келген үлпектерді әлемдік аренаға баптар жоғары мектептің алдындағы міндеттер де таудай. Қарашаңырақта болып жатқан өзгерістер де сол мақсат жолындағы қадам екені даусыз. ҚазҰУ-ды таңдаған жас өрен елім үшін биікке "өрмелеп шығып Күн болам, Күн болмағанда кім болам?" деп келеді. Сол таудай талабын отқа май құйғандай маздата алмаса қарашаңыраққа – сын, ал берген білім-ғылымды, мүмкіндіктерді сарқа пайдаланып, ұстаз тәлімін бойыңа сіңіре алмасаң, Студент, саған – сын. Ендеше, екі таразының басы да тең болсын деп тілейміз.

P.S.

Кезінде өзге университеттердің Студенттерді қабылдау мерекесіне қызыға қарап, мүмкіндік болса барып тамашалап, шіркін-ай деп бір тамсанып қоятын едік. Ал бұл күні өзгелер ҚазҰУ-ға қарап таңдай қақты, қызықты, үлгі тұтты, мақтанды, марқайды. Ендігі мақсат игі дәстүрдің үзіліп қалмай жыл сайын өз жалғасын табуы.

Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ

Аша МАТАЙ,
өңші, халықаралық қатынастар факультетінің 3-курс студенті:

“ЖЕТІСТІКТЕН ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕ БЕРУ ЖОСПАРЫМДА БАР”

- Бірінші ҚазҰУ-ды таңдау себебіне тоқталсақ...

- Әкем мен анам екеуі де заңгер, екеуі де осы саланы терең игеріп, екеуі де осы салада жемісті еңбек етуде. Негізгі себеп осы еді. Сондықтан мен де заңгер мамандығын таңдадым, соның ішінде халықаралық деңгейде заңгер болғым келді. Аталған мамандықты халықаралық деңгейге көтергім келді. Осы жерде таңдауым ҚазҰУ-ға түсті. Әкемнің де ҚазҰУ-да оқығанын айта кету керек.

- Аша Матай деп танылып жүрсің. Мұның сыры неде?

- Мұны енді жасырсам...

- Найманның ішінде Матай деген атадан тараған ел бар еді...

- Иә, Матай деген руым. Аша деген екінші атым, көз тимесін деп ата-анам қойған. Аша деп еркелетіп атаған.

- Отбасың жайында?

- Ағам және інім бар. Әке-шешемнің жалғыз қызымын, ерке қызымын...

- Оқу мен шығармашылықты қатар алып жүру қиынға соқпайды ма?

- Өте қиын. Дегенмен, бүгінгі заманғы адам жан-жақты болуы керек қой. Мамандығым өзіме қатты ұнайтындықтан, барынша көп уақыт бөлемін. Ал өн айту, жүргізушілігім хобби ретінде екінші кезекте.

- Ұстаздарыңның берген дәрістеріне көңілің тола ма?

- Иә, өз жұмыстарына адал, терең білімді, талапшыл ұстаздар бар. Бірақ өз басым қазақ тобында оқытындықтан, дәрістерді орысша оқытып, қазақша жетік білмейтін оқытушыларға көп ретте көңілім тола бермейді. Өйтсе де біздің факультетте студенттерге жоғары талап қояды. Мені бұл қуантады, себебі, бұл ҚазҰУ-да өз мамандығына берілген жандар ұстаздық етеді деген сөз.

- Оқудағы үлгерімің қалай?

- Жақсы... Керемет деп айта алмаймын. Өрине қосымша жұмыстарым кедергі келтіреді. Өйтсе де сабаққа үлгері алмай жатсам, үйде кітаптарды көп оқуға тырысам. Ата мен анамның үмітін ақтау үшін жақсы баға алуға талпынам.

- Егер нақтырақ айтсақ, жақсы деген бағадан төменірек алған кездерің болды ма?

- Қанағаттанарлық баға алған бір ғана сабағым бар. Ол ағылшын тілі. Және де бұл менің пәнді жетік меңгермегендігімнен емес, белгілі бір жағдайларға байланысты. Ал басқа пәндерден өте жақсы десем де болады.

- Студенттерді қабылдау кешінде неге сахна төрінен көрінбедің?

- Өкінішке орай, нақ сол күні қалада болған жоқпын. Астана қаласында концертке қатысуым керек болды. Өйтсе де, сол кеште сахнаға шыққандарды іріктеуге атсалысқаным бар.

- Қандай жаңалықтарың бар? Киноға түсті деп естіп жатырмыз...

- Иә, “Астана – махаббат мекені” деп аталатын және тағы да басқа екі киноға түстім. Бірақ соңғы фильмдерім құпия бола тұрсын. Бұйырса “Астана – махаббат мекені” желтоқсан айында көрермен назарына ұсынылмақ.

- Ал “Хит-ТВ” телеарнасындағы жүргізушілігің жайында не айтар едің...

- Өңші ретінде таныла бастағаннан кейін түрлі ұсыныстар түсе бастады. Жасыратыны жоқ, оның ішінде “Қазақстан”, “Хабар”, НТК телеарналарынан да болды. Бірақ мен өзімнің жасыма сай, өзіме таныта білген “Хит-ТВ” телеарнасын таңдадым. Қазір мен он тоғыздамын. Мен үшін бұл алғашқы қадам. Себебі бірден республикалық телеарналарға шығу үшін тәжірибе жинақтау керек деп ойлады. Менің “Хит-ТВ”-де жүргізуші болып

жұмыс істегеніме көп болған жоқ, бірақ өзімнің көрермендерімді жинадым деп толықтай айта аламын.

- Жоспарларыңмен бөліссең...

- Өн айтып жүргеніме төртінші жыл болды. Бірақ өлі күйтабағым шыққан жоқ. Ең бірінші кезекте күйтабағымды жазу үстіндемін. Мен оның сапалы етіп шыққанын қалаймын. Сондықтан, көп еңбектеніп жүрмін. Жақын арада бейнеклип түсіргенмін, соны халық назарына ұсынсам деймін. Және жетістіктен жетістікке жете беру жоспарымда бар.

- Қалай ойлайсың, Кембридж, Оксфорд секілді әлемдік университеттер арасынан орын алу үшін университетімізге қандай жаңалықтар енгізу керек?

- Менің ойымша, студенттерге көп көңіл бөліну керек. Білім алу үшін емес, тек құр келіп-кетіп жүрген студенттер де бар. Сондықтан мектептегідей болмаса да, сәл бақылау қойса. Сонымен қатар, қалашықта “Жоғары білім – сенің болашағың” деген секілді билбордтар ілінгенін қалар едім.

- Өңгімеңе рахмет!

Сұхбаттасқан
Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ



■ Байқау

Жас журналистер бәсекесі

8-қазан күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде “Ақ қауырсын” студенттер шығармашылығының фестивалі болып өтті. “Журналист” – шырылдап шыңдыққа жүгінер мамандық майталманы. Осы ұғымды жетілдіру, өндірістік іс-тәжірибе арқылы дамыту ізденіс пен шығармашылық жолының шыңына шығуға талпындырады. Факультет студенттері жазғы өндірістік іс-тәжірибеден әртүрлі қоғаммен байланысып өз шеберліктерін шыңдады. Жыл бойғы білімін тереңдетіп, БАҚ саласымен байланысу студенттер ізденісін арттыра түсері хақ. Телеарна, газет-журнал редакциялары, PR жарнама агентстваларында біздің студенттер мамандық бойынша тәжірибеден өтіп, журналистік шеберлікті шыңдауға талаптануы мамандыққа баулудың бір көрінісі екенінде сөз жоқ. “Ақ қауырсын” шығармашылық фестивалінің қорытындысы бойынша



төмендегідей номинациялар қарастырылған болатын. Олар: “Алтын қалам”, “Алтын дауыс”, “Үздік менеджер”, “Үздік дизайнер”, “Үздік сюжет”, “Үздік баспагер”, “Үздік редактор” секілді аталымдар еді. Журналистика факультетінің деканы Ғалия Ибраеваның бастамасымен және “Бір басшыға мың қосшы” дегендей студенттер ұйымынан біріккен Жастар комитеті мен Студенттер кеңесінің құрамы фестиваль дең-

гейін көтеріп-ақ тастады. БАҚ саласынан келген қонақтар тұнық даусымен тұмарлаған, “Қазақ радиосының” карт анасы Сауық Жақанова, “Алматы ақшамы” газеті редакторының орынбасары Нұржан Қуантаев, “Қаламгер медиа клубының” директоры Жанарбек Әшімжан сынды тағы басқа журналист мамандар келіп жеңімпаздарға деген үлкен құрметтіліктерін білдірді.

Жанат ДАГАЙҚЫЗЫ

Патриоттық ескі өндер – біздің өткен тарихымыздың шежіресі. Өткеннен ой тартар халық мұрасы. Республикалық “Елім менің” патриоттық өндер конкурсының 2007 жылғы 24 қарашадағы отырысының шешімі бойынша бар-жоғы 20 патриоттық сарындағы өндер іріктелген екен.

Өн көңілдің ажары

Бұл қазақ елі үшін, тұңғықтан қазына іздегенмен тең секілді. “Бұл күнде өңші көп, тек қана Шәмші жоқ” демекші, қазақ өңшілерінің күннен-күнге өсуі өрине қуанарлық жағдай. Бірақ...

Бірақ сол өңшісымақтарымыз халық көңілінен шығып, өн маңызына мән беріп жүр ме?! Ойланайықшы!!!

Келмеске кеткен кеңес заманында керемет қазақша патриоттық өндер болды. Соның бірі патриоттық сезімге толы “Атамекен” өні еді.

*“Жасыл жайлау түкті кілем, көк кілем,
Көк кілемде көп ойнаймын, көп күлем.
Маңдайыңнан сипап өткен самалды,*

Қазағымның алаңаны деп білем” – деп жырланған өн жолдары қазақ елінің қайнаған рухты тұлғасын елестетеді. Маңдайалды ерлік пен өрлікке, елімнің ерен бірлігіне шақырады.

Жаныңа жаңашылдық, қаныңа рух беретін, қазақ ұлтын насихаттайтын жігерлі өндер көп еді. Ал бүгінде телеарна атаулы мағынасы майысқан махаббат өндерінен көз ашпайтын халге жетті. Бір өкініштісі, рухты көтеретін өндер көзден бұлбұлдай ұшып, өткен тарих қойнауында жылы жабылып қала бергені көңілге мұңлық белгісін ұялатады. Бүгінде нағыз отаншылдық, патриотизмді бойына сіңіретін жастар легі емес пе?! “Тәрбие табалдырық-

тан басталады” демекші мектеп жасындағы балғындар ең болмағанда өн сабағында рухымыз өуендер қабылдаса нұр үстіне нұр болақ еді. Керісінше заман жастары махаббат туралы мұңды өуенге еліткенді екі есе артық көреті секілді. Осы орайда патриоттық өндер жоқ деуі алмаймыз. Биыл да жыл сайынғы өтетін Республикалық “Елім менің” патриоттық өндер конкурсы өткізілген болатын. Аздап болса да рухты өуендер бар екеніне қуандық. Бірақ бәр бірде сылдыр суды жұтқанмен тең болдық. Өткенмен салыстырсақ, өнегелі өрістің өресін көре алмадық. Ал енді патриоттық өндерсіз өскелең ұрпақтың бойына отансүйгіштік рухты қалай сіңіреміз? Олар ел мен жерді қалай сүйемек?

Бүгінгі күн қоғам басқа, заң басқа дег атойлап тұр. Жігерлі өндер болғанмен де бүгінгі күнге рухы сай келгенмен, сөзі сай емес. Аузын жыбырлатқан өңшісымақтар да қара басты күйін күйттеп, бар қазақ бір қазақ болып ескі өуендерді батыстың сарынына бұрған секілді Алдағы кезеңде ұтамыз деп жүріп, ұтылып қалмасақ нетті.

Жанат ҚАСЫМБЕКОВА
журналистика факультетінің
3-курс студенті



Юбилей

Учитель и Наставник с большой буквы

10 октября 2008 года на факультете международных отношений состоялась научно-практическая конференция «Путь в Европу»: Сотрудничество Республики Казахстан с Европейским Союзом», посвященное 80-летию доктора исторических наук, профессора Жараса Умаровича Ибрашева. В работе конференции приняли участие представители дипломатических кругов, видные казахстанские и зарубежные ученые.

Ж.У.Ибрашев - видный казахстанский ученый, доктор исторических наук, профессор, «Почетный заведующий» кафедры международных отношений и внешней политики РК КазНУ им. аль-Фараби на протяжении многих лет возглавляет европейское и международное направление в казахстанской науке. С его именем связаны открытие новой специальности «международные отношения» в РК, научного направления в отечественной науке, факультета и кафедры, где ведется подготовка дипломатических кадров для МИД РК, специалистов-международников. Ж.У.Ибрашев родился 10 августа 1928 года в Западно-Казахстанской области.

После окончания университета в 1950 г. начал свою трудовую деятельность в качестве ассистента кафедры всеобщей истории КазГУ. За более чем пятидесятилетний период трудовой деятельности Ж.У. Ибрашев прошел все этапы профессионального роста от ассистента до доктора исторических наук, профессора, заведующего кафедрой, декана факультета. В его трудовой книжке имеется только одна запись - «Казахский государственный университет». Это постоянство проявляется во всем: в его делах, мыслях, инициативах, исследованиях. Под руководством Ж.У. Ибрашева занимается большая группа молодых исследователей. Им подготовлено семь докторов наук, более 30 кандидатов наук и доктор философии PhD. Им опубликовано более 100 статей, 5 монографий, целый ряд учебно-методических пособий.

За плодотворную работу Ж.У. Ибрашев неоднократно был награжден грамотами Министерства образования Республики Казахстан, медалью «За плодотворный труд», к десятилетию Астаны награжден памятной медалью Президента РК, имеет более 20 благодарностей за подготовку высококвалифицированных специалистов.

Ж.У. Ибрашев обладает замечательными качествами человеческого общения, гуманен, демократичен, при этом принципиален и справедлив. Он, бесспорно, относится к той когорте личностей, которые являются гордостью Республики Казахстан. От всей души поздравляем Ж.У. Ибрашева со славным юбилеем, желаем ему крепкого здоровья, долгих лет жизни и надеемся, что он будет с нами еще долгое время.

К.Н.МАКАШЕВА,
д.и.н., профессор кафедры
регионоведения и мировой экономики.



Мерейтой

26 қыркүйек күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінде социология ғылымының докторы, профессор Кенес Үмбетжанұлы Биекеновтің және тарих ғылымының докторы, профессор Михаил Федорович Пузиковтың 75-жылдық мерейтойларына орай Ғылыми кеңестің кеңейтілген мәжілісі өтті.

1933 жылы 26 қыркүйекте ұлан-байтақ қазақ жерінің бірі батысында, бірі солтүстігінде дүниеге келген қос ғалымның 70 жылдық мерейтойы философия факультетінде бір күнде аталып өтті. Бүгінде университетіміздің құрметті профессорлары К.У.Биекенов пен М.Ф.Пузиковты байланыстырып тұрған түйдей құрдастық қана емес. Қос ғалымның да отандық әлеуметтану ғылымының қалыптасып даму жолында маңдай терлерін төгіп, бірге еңбек етіп келе жатқандықтарын атап өту керек.

К.У.Биекенов 1993 жылдан қазірге дейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың кафедралық менеджерлік қызметін атқарады. 150-ден астам еңбектің, басылымдар мен монографиялардың авторы, олардың ішінде негізгілері: «Әлеуметтану», «Қоғамдық пікір



Отандық әлеуметтану Ғылымының қос шыңы

социологиясы», «Экономикалық социология», «Социологияны оқыту методикасы» және басқалары. «Ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін» орденімен, А.Байтұрсынов атындағы орденмен, «ҚР білімінің қадірлі қызметкері» ордендерімен марапатталған. Оның басшылығымен 27 кандидаттық, 8 докторлық диссертация қорғалған.

М.Ф.Пузиков Қорған педагогикалық институтының тарих-филология факультетін бітірген соң, С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың аспирантурасына жолдама алады. 1971 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап, тарих ғылымының кандидаты дәрежесін алады. 1994 жылдан қазіргі уақытқа дейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың социология кафедрасының

профессоры.

Қазіргі қоғамның мәселелеріне арналған 200-ден аса ғылыми және публицистикалық мақаланың авторы, олардың негізгілері: «Еңбек ғылымын түсіну», «Экономикалық социология», «Социум әлеміндегі тұлға», «Жалпы социология» және т.б. «Еңбектегі үздік табыстары үшін», «ҚР білімінің қадірлі қызметкері»,

«Тың және тынайған жерлерді игеруі үшін» және «Еңбек ардагері» ордендерімен марапатталған.

Кеште Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры, техника ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Б.Т. Жұмағұлов, Алматы қаласы әкімінің орынбасары, социология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан социологтары қауымдастығының вице-президенті С.Т.Сейдуманов өз құттықтауларын жолдады. Қала әкімдігі мерейтой иелеріне Қазақстан социологтары қауымдастығының президенті Марат Тәжиннің әлеуметтану ғылымына қосқан үлестері үшін жолдаған «Алғыс хатын» жеткізді.

Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ

ФИЛОСОФИЯ. МӘДЕНИЕТ. ОЙЛАУ

Қазіргі философия дегеніміз не және отандық философияның ұстанымдары қандай? Дәстүрлі мұра мен қазіргі заман ағымның көкейтестілігі, философиялық ойлау стилі дегеніміз не? Қазіргі философиялық білім мен философиялық ойлау мәдениетінің сипаты қандай? Оқыту үрдісіндегі өзгерістер қандай? Осы секілді бүгінгі заман талабындағы терең сауалдарға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінде Қасымжанов оқуларына арналып өткізілген халықаралық ғылыми конференция жауап берді.

Конференция аясында дөңгелек үстел отырысы ұйымдастырылып, «Қазақстандық философия мектептерінің даму кездері: бастауы және болашағы» атты басқосу профессор М.С.Орынбеков пен профессор Б.К.Құдайбергеновке арналды.

Аталмыш конференция әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың басшылары - ректор, академик Б.Т.Жұмағұлов, проректорлар - З.А.Мансуров, В.Г.Сальников, Г.К.Ахметова, Ш.А.Әмірбеков, философия және политология факультетінің деканы

З.К.Шәукенованың қолдауымен көп жылдар бойы А.Х.Қасымжанов басқарған философия және әлеуметтік таным әдістемесі кафедрасымен бірлесіп ұйымдастырды.

Жоғарыдағы көп салалы сұрақтарға жауап іздеген конференцияға ірі ғалымдар қатысып, қазақ, түрік және дүние жүзі философиясының тарихы, әлеуметтік философия мен философия мәдениеті, тарихы мен антропологиясы, теориялық философия салаларының білікті

мамандары және белгілі саясаттанушылар, әлеуметтанушылар мен мәдениеттанушылар қатысты.

Олардың арасында академиялық және ғылыми орталықтардың қызметкерлері, Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Иран, Түркия жоғары оқу орындарының профессорлары мен оқытушылары, білім, ғылым және мәдениет салаларының шетелдік дипломатиялық елшілері бар. Сонымен қатар, конференцияға Қазақстанның университеттерінен жас ғалымдар - студенттер, магистранттар, аспиранттар мен докторанттар қатысты.

Ж.А.АЛТАЕВ,
философия ғылымдарының докторы,
профессор

Ғалым, педагог



Ғылымдар Академиясының мүшесі (1996 ж.) деген құрметті атаққа ие болды.

Профессор Н.Н. Нұрахметовтың тікелей жетекшілігімен өрі қоса авторлығымен 5000-нан аса терминдерді қамтитын химия және химиялық технология бойынша қазақ-орыс терминологиялық сөздігі 2000 жылы жарыққа шықты. Сол еңбегіне орай, оған 2001 жылы ғылым, техника және білім саласы бойынша ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді.

Бүгінгі уақытта ұлағатты ғалым-ұстаз мерейлі 70 жасқа толып отыр. Десек те, оның қазіргі қарым-қабілетіне қарап, Отандық ғылымды жаңа белестерге жетелеуде мүмкіндігі зор екендігіне өлі де көзіміз жете түскендей. Осындай ата жасқа жетіп, дана жасқа аяқ басқан ғалым-педагогты шын пейілімізбен құттықтай отырып, деніне саулық, отбасына береке, бірлік және ынтымақ тілейміз.

Ж.Ә.ӘБЛОВ,
химия факультетінің деканы,
М.М.БҮРКІТБАЕВ, бейорганикалық
химия кафедрасының меңгерушісі

Жер жанаты Жетісу өңірінде дүниеге келген Немеребай Нұрахметов өзінің туған жерінің шапағатындай болмысын ғылым атты сара жолға арнаған ұлағатты ұстаз. Бүгіндері химия факультетінің профессоры болып қызмет етіп жүрген ғалым, қарашанырақты 1962 жылы аяқтағаннан кейін осы университетте бейорганикалық протонды қышқылдардың негіздермен өрекеттесуінің процесстері мен өнімдерін зерттеу, жаңа күрделі қышқыл тұздарды синтездеудің физикалық-химиялық негіздері, олардың құрамын анықтау және ғылымда, техникада, ауыл шаруашылығында пайдалану аймақтарын айқындаумен бірге қазақ жастарын білім мен ғылым шыңына жетелеумен келеді.

Ол шәкірттерімен бірлесе отырып бұрын зерттелмеген 260-тан астам күрделі қышқыл тұздар алып, оны жаңа қосылыстар типіне жатқызды. Синтездің негізін: амид-қышқыл-су жүйесіндегі қышқылдық - негіздік өрекеттесудің изотермиялық ерігіштігін сипаттайтын, үштік диаграммалар түрінде көрініс беретін

зерттеулер негізін қалады. Профессор Н.Н. Нұрахметовтың жүргізген түбегейлі зерттеулері амилтер мен оның алкил орынбасарларының реакцияға қабілеттігі жөнінде жалпы қорытындылар жасауға мүмкіндік берді. Осы секілді химия саласындағы ғылыми жетістіктері үшін профессор Немеребай Нұрахметов Қазақстан жоғары мектебі Ғылымдар Академиясының академигі (1995 ж.) және Нью-Йорк



■ Ділі

Қазақ шоу-бизнесінің қауқары қандай?

Әлем қазірде өз болмысынан жеріген ұрпақпен күресу жолдарын іздестіріп дал. Бұған өз кезегінде ұлттық құндылықтарды мансұқ еткен ғаламдық жаһандану процесі желік беріп, қоғам болмыс-бітімі бөлек дүбәра ұрпақтан сактануға көшкен. Өкінішке орай, ұлттық құндылықтарынан ада мұндай буын біздің қоғамда да көрініс тауып келеді. Шетелдің қаңсығын таңсық көргендер арасында өз қаракөздеріміздің көбеюі де көңілді қатты қынжылтады. Табиғаты жаттың ділі ғана емес, діні де өзгеше болатынын несің жасырамыз. Мұндай келеңсіздіктер ертеңіне алаңдайтын барлық қандастарымызды ойлантса керек.



Бүгінгі таңда қазақ қоғамы үшін ұрпақ тәрбиесі әлі бас бермей келе жатқан асау секілді тақырып. Мұның маңызы жиһандасу деп ұрандаған жасанды ғаламдық процесс алдында күн санап қоюланып, күрделілігі күрмеуін шешпінмейтін күйге еніп барады. Ертеңгі маман болғаннан кейін бұл тақырып та мені қатты мазалайтын болып жүр.

Қазір қоғамда сұрақ көп. Жауабы да шикі болғаннан соң, сананда еріксіз туындаған мәселе ел ертеңіне алаңдайтын әрбір азаматты елең-алаңнан далаға қуып алып шығатыны секілді тым қатты мазалайды. Бұл сол – қойырпағы көбейген, Батыстың жабайы «мәдениеті» жастарды көгенсіз елкен уақытта баяғы ыңыршағы айналған ұрпақ тәрбиесі тақырыбы. Ұрпақ тәрбиесі мен үшін ұлтсыздықпен күрес жүргізіп жатқан сияқты. Сонда оның шынымен де жолы табылмағаны ма?!

Рас, жылтыраққа тез елтігін жастар мен жасөспірімдер Батыстың тәрбиесіз арзан дүниесін ұлы көреді. Өздеріне кейіпкер іздейді. Эстетикалық талғамдарын солармен ұштас-тырғысы келеді. Ауыздарынан солардың менталитетімізге жат сөздері ағылып тұрады. Бұл бір шетінен пиар-технологиясы қатты дамыған шетелдік шоу-бизнесінің ұрпақ тәрбиесіне жасап отырған «ықпалы» десек те болады. Дәлірек айтсақ, залалы. Ал бұған

қазақ шоу-бизнесі қарсы тұра ала ма? Қазақ шоу-бизнесі ұрпақ тәрбиесінде, оның ішінде жастар мен жасөспірімдерге әскери-патриоттық тәрбие беруде қоғам талабын қанағаттандыра ала ма? Батыстың жабайы «мәдениетіне» қарсы тұруда қазақ эстрада жұлдыздарының қауқары қаншалықты? Қазіргі таңда ұрпақ алдында өз жауапкершілігін сезінетін өнер өкілдерінің әлеуеті қандай? Қазақ шоу-бизнесін ұлтсыздыққа қарсы «иммунитет» қылуға не кедергі?

Егер осы сауалдардың түйіндерін шешетін болсақ, көп мәселенің басы ашылатын еді. Өйткені, пиар-технологиялары басты рөлде ойнайтын бүгінгі уақыт шоу-бизнесінің де ұрпақ тәрбиесіне қатысы барлығын мойындай бастады. Сондықтан, жастар мен жасөспірімдерге барынша назар аударатын қазақ шоу-бизнесін ұлттық рухани құндылық ретінде қалыптастыруға күш салуымыз керек.

Осы мәселе жуырда «Қазақстан» қонақ үйінде өткен «Ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық шоу-бизнес» атты дөңгелек үстелде талқыланды. Бір айта кетерлігі, оны әңгімеге арқау еткен мәдениеттанушылар, педагогтар мен психологтар емес, нақ осы саланың кейіпкерлері, яғни, қазақ эстрадасының жұлдыздары, композиторлар және олардың пиар-менеджерлері мен продюсерлері.

Бір қызығы, ол жерден ұғып қайтқанымыз елімізде эстрада өнері екіге бөлінетін болып шықты. Бір – қазақ эстрадасы, ал екіншісі – Қазақстан эстрадасы. Екеуінің атауы «стан» арқылы ерекшеленгенімен берер тәрбиесі екі бөлек екенін бірден-ақ байқауға болады. Бірақ, екеуінде айналып жатқан қаржы капиталын салыстырсақ, екіншісінің үлес-салмағы басым. Ал ұлттық тұрғыда ұрпақ тәрбиесіне келсек, қазақ эстрадасының жұлдыздары оқ бойы озып шығады. Дегенмен, екіншісінің жастар мен жасөспірімдер арасында танымалдығы, беделі тағы да басым. Осыдан-ақ бүгінгі қазақ шоу-бизнесінің хал-ахуалын бағамдап көруге болады. Ал өз кезегінде бұған қарап, ұрпақ тәрбиесінде мықты үгітшіл-насихатшылар өрі ұйымдастырушы рөл атқара алатын қазақ шоу-бизнесіне мемлекет тарапынан қолдау қажет екенін ұғынамыз. Осы кезде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың ас та, төк мерейтойларға шет елден өнші алдыруға әуес шенеуніктерді ашы сынға алғаны еріксіз еске түседі.

Бүгінде мемлекетіміздің дербестігін толық нығайту үшін тек экономикалық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік және құқықтық институттарды дамыту ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік идеологиямен үндес ұлттық мәдениетті дамыту аса қажет. Руханият саласында заман талабына сай ұлттық құндылықтарды қайта қалпына келтіріп, қолдап өрі дамытып отыруымыз керек. Осыны Елбасымыз түсінгенімен, қалғандардың оны түсіне алмай жүргеніне қалай қайран қалмасын?!

Бұл мәселелердің өз шешімін табуы ұлттық ұрпақ тәрбиесінде және руханият мәселесінде онды бастама болатыны сөзсіз. Халықаралық қауымдастықта бәсекелестікке қабілеттілікті арттыруды басты бағыт-бағдар еткен Қазақстан үшін аталған күрделіліктер тың қадам болатына анық. Себебі заманауи қоғам талабына сәйкес, еліміз өзінің бет-бейнесі мен ұлттық пішінін сақтап қалуды әр салада, оның ішінде жастар мен жасөспірімдер барша жан-тәнімен беріле тындайтын қазақ эстрадасы өнерінде де ұлттық психологиялық тұрғыдан берік ұстанғаны абзал. Ал бұған мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп тұратын болса, оның мемлекеттік өрі ұлттық мүдде тұрғысынан түзілуіне мүмкіндік өте мол және болашақ үшін келелі де кемелді керек шара болары ақиқат. Мұндай жағдайда ұлттық шоу-бизнес саласында қызмет етіп келе жатқан барлық өнер иелері ұлтсыздыққа қарсы «иммунитетті» арттыруға күресіп, болашақ ұрпақ алдындағы өз жауапкершіліктерін барынша күшейте алар еді.

Екінші Қыр баласы

□ Кафедра

АТЫҢ ШЫҚПАСА КЛИПКЕ ТҮС

Қазіргі таңда заман сәні бейнеклипке түсу болды. Телеарна атаулыны мәдени құндылығы төмен, саны бар да, сапасы жоқ арзанқол клиптер жаулап алған. Өмірі көрмеген өншілер тобын клиптен көріп, “мынау кім еді, өзі” деп жатамыз. Ал оның астарына үңілсек, “Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты” деген сөздің мағынасын түсінгендейсіз.

Бұл күндегі клиптерге бір уақ назар аударып көрдіңіз бе?! Адамды мезі қылар бір сарынды дүние. Қос ғашық. Махаббат. Жылап-сықтау. Одан қала берді байлыққа мастану. Тізе берсең, шыға береді.

Сол бейнеклиптің тұлғасы өнер адамы. Ал өнер иесінің не айтып, не қойып жатқаны біздерге беймәлім. Ышқына билеп, аузын жыбырлатып өнші атанғанына мез. Осындай өншісімақтарды шаң қаптыратын, қаншама жастарымыз өнер көгіне шыға алмай жүр. Табиғат берген қоңыр дауыспен ән салған өрендеріміз ауылдық сахнадан әрі аса алмайды. Оларды қолдап, қолпаштайтын мансап иелері қайда?!

“Болашақ – жастардың қолында, қамқорлықты аямай жасауымыз тиіс” деп уәдеге беріктенеді. Шындығына келгенде әркім қара басының қамымен кетеді, барлық мәселе қаржыға келіп тіреледі. Мына заман қай заман өзі?

“Ақылдың азған, ақылсыздың тозған заманы” болғаны ма?!

Еліктеймін деп етегі түріліп, адами тұрғыдан ада болып жүрген қыз-жігіттердің тағдыры баршамызды ойландырмай қоймасы анық. Ақшаның бұймен жаратылысын жаншып, бет-әлпетін бедерлеп, бір клип үшін кіріптар болып жүргендер де жасырын емес. Бір бейнеклиппен телеарнаны жаулап, жұлдыз атанып жүргендер де бар. Күнделікті бір сарын дүниеден көрерменнің талғамы бұзылып, қолын бір сілтейтін халге жеткенде бірақ түсінеміз. Осы тұрғыда “Қолда бар алтынның қадірін жоғалтпайық” деген пікір ой түбінен қылаң береді. Өнер қай кезде де даралықтың белгісі. Бұл жерде көпке топырақ шашып, қазақ өншілерінің өнеріне жүрдім-бардым қарағаным емес, бір қарын майдан тауып алған құмалақтардың ынсапсыздығына қарным ашқан жайым бар. Бір басылымнан “Байлар сахнаның сәнін кетіруде” деген мақаланы оқығаным бар. Сахна өнер адамы үшін киелі мекен екені ақиқат. Ал қалталы жандар үшін сауық-сайран құратын орда іспеттес.

Бұл заман шынымен де “Аузы қисық болса да байдың баласы сөйлесін” деген заман болғаны ма?

Жанат ДАГАЙҚЫЗЫ

□ Алаштан қалған асыл сөз

Темірбек ҚОЖЕКЕЕВ

Жастарға тәрбиешілігі

Жастар қамқоры екендігі, жастардың – ел үшін тез оқып жетілуі қажеттігін Жүсіпбек құрғақ сөзімен емес, нақты ісімен дәлелдеген, жақтаған. Ең басты мақсат жастарды ұйымдастырып, біріктіріп, өнер, ғылым жағынан, саясат саласынан олардың мағлұматын байыту, сана-сезімін арттыру, өз қызметін атқаруда, міндеттерін орындауда жауапкершілікке, тәртіптілікке үйрету деп түсіндірген. Мұнан соң үйірмелердің құрылымы, қаражат көздері, жұмыс тәртібі туралы ереже ұсынған. Жүсіпбек пікірінше, жастарды сахна өнерінің сырларымен таныстыру, талапкерлерді сонда ойнауға машықтандыру. Бұл үшін театр туралы кітаптарды, айтылған пікірлерді оқу, оқығанын ортаға салу, пьеса шарттарын ұғыну, қазақша пьесаларды жинап, олардың жеңілдерін сахнаға шығарып, рольдерде ойнауды үйрену. Ойнағанда қатты, ашық сөйлеуге, пікірді көркем етіп, мөнерлі жеткізуге төселу, пішін құбылыстарын, дене қимылын көңілге қонымды ету үшін

суретшілік сезімді жетілдіру керек деп үйретті. Жастарды сахна өнерінің сырларымен таныстыру, талапкерлерді сонда ойнауға машықтандыру. Өн-күй үйірмесінің мақсатын да Жүсіпбек интернационалдық тұрғыдан түсіндірді. Оның нұсқауынша, қазақ, күйлерін, зарларын, тек домбырада емес, мәдениетті жұрттардың әр қилы аспабында тартып, шертіп үйрену – парыз. Әрі қазақ домбырасының үні үлкен залдарда жақсы естіле қоймайды, сондықтан Европа аспаптарынан қашпау керек. Дауысты майда, нәзік, нақышты шығарып тәрбиелеу үшін орыс өндерін тындап, айтып үйрену, жақсы өншілерінен үлгі-өнеге алу қажеттігін атап көрсетті. Демалысқа шыққан жастарға елге, қалаға барғанда жақсы өнші, домбырашылардан өн, күй үйреніп қайтып отыруды тапсырды. Халқының жастары өссе екен, жетсе екен деген ұстаз қазақ балаларына орыс жастарын үлгі етіп отырған. Олардан не үйренуге болатынын үнемі түсіндірген. Орыс

баласы, – дейді ол, – оқудан босаса, футбол ойнайды, жарысқа қатысады, түрлі дене тәрбиесімен айналысады. Оқудан шықса қазақ баласының істейтіні – көше қыдыру, таныс жағалау, жоқ жерден пайда іздеу. Орыс баласы қолы босаса, аңға шығады, қайықпен серуендейді, музыка тындайды, кітап, әдебиетке қарайды. Ал қазақ баласының қолы босаса, өсек-аяң андиды, түтіні өшіп, қазаны оттан түскен үйлерді жағалайды. Бұл қалай? Орыс баласы істеген өнер қазақ баласының қолынан келмей ме? Әбден келеді. Тек мойны құрғыр жар бермейді деп кейіңді Жүсекен. “Неге?” деп сұрау қойып, оның да жауабын қазақ ішіндегі өдет-салттан табады. Мұның сыры, оның айтуынша, біздің жастардың көргені, үлгісі, тәрбиесі жаман. Жас күнінде баласы бірденге ұрынып, бір жерін ұрып, “қуатымай, ауырып қалды да? Үрлейінші, сүйейінші” деп бәйек болады. Сөйтіп, ардақтайтын жалғызын ізденуден, өнерден, еңбектен шет қалдырады, “Шыбық тимес шынқ етер” етіп өсіреді.

Жас тілшілерге арналған көмек, VI том, 126-128 бет.



■ Наше интервью

Наш университет занимает ведущие позиции в студенческом спорте Казахстана. В этом большая заслуга кафедры физического воспитания и спорта. Газета «Казак университеті» обратилась к заведующему кафедры физического воспитания и спорта, профессору, Заслуженному тренеру Казахстана Анатолию Ивановичу Арешенко вкратце рассказать о работе кафедры, истории её создания.



настоящее время?

- Семь путевок завоевали студенты университета на Олимпийские игры в Пекине 2008 года. Это - Евсева Екатерина, Пилипенко (Виноградова) Анастасия (легкая атлетика), Работя Олег, Дильман Артур (плавание) - студенты биологического факультета; Житкеев Асхат, Ихсангалиев Елдос, Калиева Шолпан - выпускники магистратуры университета (борьба, дзюдо). Особенно отличился Житкеев А., завоевавший серебряную медаль по борьбе-дзюдо в весовой категории до 100 кг.

На Всемирной Универсиаде 2007 года хорошо выступили наши дзюдоисты. Кроме перечисленных выше борцов в

Спорт – дело благородное

- В этом году вы отмечали 60-летний юбилей кафедры физического воспитания и спорта. А каковы истоки создания кафедры?

- Я бы хотел начать беседу с высказывания нашего Президента: "Спорт – дело благородное. В спорте воспитывается характер. Человек, занимающийся спортом, не может быть нечестным, неблагодарным. Человек, который занимается с молодости спортом, сохраняет стремление к успеху на всю жизнь. Я это знаю по себе".

С момента образования университета в 1934 году физическая культура и спорт прочно вошли в жизнь коллектива. В этом же году была создана кафедра военных дисциплин и физической культуры, основой занятий которой стала военно-историческая подготовка студентов. В 1938 году университет становится одной из опорных баз только что созданного спортивного общества «Наука». Его создание активизировало не только физкультурную, но и спортивную работу. Свыше 300 спортсменов университета стали членами этого общества. Были введены ежегодные спартакиады по различным видам спорта. Среди высших учебных заведений Алматы коллектив университета всегда занимал призовые места, а в соревнованиях по спортивной гимнастике и легкой атлетике студенты университета являлись неизменными лидерами. Особую популярность среди студентов в те годы приобрели занятия альпинизмом.

Универсиаде выступили Альдикова Зарина, Рыскул Улан (юрфак) и Хакип Арсен (факультет международных отношений). В играх детей Центральной Азии и Дальнего Востока I место завоевала Джарманова Алма (биофак, дзюдо).

- Что вы можете рассказать о преподавателях кафедры, внесших наиболее весомый вклад в ее работу?

За столь долгий период существования кафедры, ее коллектив постоянно обновлялся, но многие сотрудники почти полностью посветили все свою сознательную жизнь, отдали студентам свои знания и опыт, свое спортивное мастерство. Из ныне работающих преподавателей кафедры, внесших большой вклад в ее работу, можно назвать доцентов, заслуженных тренеров Казахстана Носкова А.А., Байкулбаева Б.С., Якуба В.И., доцента Баймбетова Т.Ш., старших преподавателей Коваленко Л.Е., Косареву С.П., Саранину Н.И., Гребенщикова В.Н. и многих других.

В настоящее время на кафедре работает 55 преподавателей, из них один профессор, 8 доцентов, 2 кандидата наук, старших преподавателей – 36, из них заслуженных тренеров Казахстана 5 человек, мастеров спорта международного класса и мастеров спорта - 22, КМС – 18.

- А какие у нас спортивные достижения студентов университета в

Универсиаде выступили Альдикова Зарина, Рыскул Улан (юрфак) и Хакип Арсен (факультет международных отношений). В играх детей Центральной Азии и Дальнего Востока I место завоевала Джарманова Алма (биофак, дзюдо).

В августе 2008 года на международном турнире в г. Тетевен (Болгария) успешно выступил Сивохин Владимир (химфак), ставший обладателем международного рейтинга по шахматам.

В марте 2008 года на десятом чемпионате мира среди студентов по шахматам в г. Новокузнецке под руководством доцента кафедры, Заслуженного тренера Казахстана А.А. Носкова сборная студенческая команда впервые в истории шахмат республики заняла почетное четвертое место. Конечно, наши достижения неоспоримы. Но мы не останавливаемся на достигнутом. Думаю, что наши студенты добьются еще не мало блестящих побед на соревнованиях самого высокого ранга. Теперь поставлены задачи успешно выступить на V летней Универсиаде вузов РК в 2009 году и как можно больше делегировать в состав сборной студенческой команды страны на Всемирную Универсиаду, которая состоится в августе 2009 года в г. Белграде.

- Спасибо за беседу.

Жанар ЖАНСЕИТ

■ Тағлым

Көптілділік – заман талабы

Әл-Фараби атындағы Казак ұлттық университеті Ғылыми кеңесінің 2008 жылғы 23 қыркүйек күні өткен №1 мәжілісінде «Әл-Фараби атындағы Казак ұлттық университеті мамандарын тілдік даярлықтан өткізу тұжырымдамасы» бекітілген болатын. Аталған тұжырымдамаға сәйкес қарашаның аяғында студенттерінің тілдік даярлығын жетілдіру мақсатында тіл клубтары өз жұмыстарын бастады.

«Ағылшын», «Француз», «Неміс», «Ресей» клубтарының басты мақсаты аудиториядан тыс тілдік практика мен тілдік орта қалыптастыруда аталған клубтардың маңызы зор.

Әр клуб кемінде айына екі іс-шара өткізулері қажет. Өткізілетін шара тек сол оқып-үйрену тілде жүргізіледі. Бұл үдеріс басталып та кетті. Ағымдағы жылдың 13 қазанында Ә.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайының жастар рухани орталығында шетел филологиясы кафедрасының доценті Б.Д. Кисикованың жетекшілігімен журналистика және филология факультеттері студенттерінің қатысуымен «Менің мамандығым – журналист» тақырыбында өткізілген шағын қойылым Ағылшын клубының тұсаукесері іспетті болды. Аталған іс-шараға университетте ағылшын тілінен дәріс беретін оқытушы-профессорлар мен осы тілде еркін сөйлейтін студенттер, магистранттар қатысты. Ағылшын клубының қонағы Казак Британ университетінің оқытушысы Д.Джез өз пікірін білдіріп, өткізіліп отырған шараның маңызы мен мазмұнына тоқталып, клубтың тілдік практика үшін аса қажеттігін атап өтті. Қойылымға қатысқан журналистика факультетінің I курс студенттері ағылшын тілінде өз мамандықтары туралы еркін әңгімелеп, соны ағылшын тіліндегі өз мен биге ұласып, көрермендер көңілінен шықты. Сондай-ақ филология факультетінің магистранты Абайды ағылшын тілінде сөйлетіп, домбырамен өн салды.

Тілдерді дамыту бөлімі



■ Әнер

Студенттер клубы кім үшін жұмыс істейді?

Білімнің алтын ордасы әл-Фараби атындағы Казак ұлттық университетіндегі студенттерге пайналы өнер арқылы әсер ететін тәрбие ошақтарының бірі – Студенттер клубы. Оның мақсаты – жігер оты жалындап жанған студент жастардың жаман әдеттерден аулақ ету, олардың заман ағымына ілескен зымыраған күндеріндегі бос уақыттарын әсерлі ән, көк нөсер күйі, күмбірлеген домбыра, мың бұралған би әлемімен қауыштыру. Клуб университет өміріндегі барлық мәдени шараларды өткізу жұмыстарын жүргізеді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Студенттер клубы шәкірттеріміздің барлық қалалық және республикалық байқауларға белсенді түрде қатысуын қамтамасыз ететін есігі ашық орта.

Жастардың мәдени орталығы – Студенттер клубында 9 үйірме және 16 қызметкер жұмыс жасайды. Әр түрлі үйірмеге 300-ден астам студент мүшелік етеді. Үйірме жетекшілері де өнерге жақын, арнайы музыкалық білімі бар мамандар. Мәселен, «Фараби сазы» ұлт-аспаптар оркестрі. Оркестрдің жетекшісі Республикалық байқаулардың жеңімпазы, ЮНЕСКО көлемінде өткен Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерей тойында оркестрлер сайысының Гран При жеңімпазы – Болатқали Әмірханов. Оркестрдің құрамында он үш факультеттен 52 студент өз өнерлерін шыңдау үстінде. Оркестр репертуары да халық өнерінің мұраларына бай. Олар сахнада Құрманғазы, Дәулеткерей, Сүгір күйлерін, халық өндерін және Қазақстан сазгерлерінің шығармаларын нақышына келтіре орындап, жұртшылық ризашылығына бөленіп келеді. Бұдан басқа оркестрде домбыра, қобыз үйрету, халық жанрындағы өндерді домбырада үйрету мүмкіндігі де арнайы үйірмелер де қарастырылған. Бұл үйірмеге қатысушылардың кез келгені «Фараби сазы» оркестрінің репертуарын толық

үйреніп, оркестр құрамында мүше бола алады. Оның ішінде «Домбыра» үйірмесінде Айжан Боқашева (Халықаралық фестивальдің лауреаты), жеке қобызды үйретуде, жетекшісі Зита Сыбанбаева сынды жас мамандар өр күндері студенттермен белсене жұмыс жасап келеді.

«Жас ақындар» үйірмесі университетімізді республикаға танытуға зор үлес қосып келе жатқан үйірмелердің бірі. Үйірменің жетекшісі танымал айтыскер ақын Рүстем Қайыртаулы. Үйірменің жалпы мақсаты: қатысушы әрбір студенттерге ақындық талабына сай суырып салмалық және жазба өлеңдеріне қарай дұрыс бағыт беру, қазақ халқына тән ақындар айтысын жандандыру, айтыс арқылы тіліміз бен ұлттық тәрбиемізді өркендету. Осы үйірмеде тілін сындырған бір ғана философия және саясаттану факультетінің студенті, Аламан айтыс чемпионаты мен республикалық ақындар айтысында бірнеше рет жүлде алған – Біржан Байтудың өзі қасиетті қарашанырағымыз үшін үшін үлкен мақтанш.

«Бақыт» би ансамбліне келер болсақ, оның

жетекшісі – Галя Есмұхамбетова. Құрамында 60-қа тарта студент бар. Олар Қазақстанның өр облыстарындағы, республикалық дәрежедегі байқауларда бас жүлдені иемденген топ. Қазақ, ұйғыр, өзбек, орыс, шығыс т.б. ұлттық билерді үйрену үшін онда келіп жатқан талантты ұлқыздарымыз көп. Ансамбль оны еш артық көрген емес.

«КТК» - өзілкештер командасы, студенттер арасындағы республика бойынша өткен талай бәсекелерде Гран При мен бас жүлделерді иемденген. Жетекшісі Мади Әмерхановтың бастамасымен топ мүшелері жанартылып, қызу дайындық үстінде. Оның есігі көрерменге көңіл сыйлайтын әрбір студентке әрқашан ашық.

Ал талай концерттің көрігін қыздырып жүрген «Эстрада» үйірмесінің жетекшілері: Юрий Коинов, Әсел Қарсыбаева және Назира Жүсіпбекова. Оған 40-қа жуық студент мүше. Қазақ, орыс, ағылшын т.б. ел тілдерінде өн шықпайтын талантты студенттерді даярлауда. Барша қауым студенттерге аян С.Тлямов, А.Сахыбаева, М.Рымбаева, Ж.Жеңісқызы, А.Қарасаева, И.Бегалиева, А.Мадғұлов т.б. сахна төріне әбден машықтанған, алды жүлделі орындарды да иемденіп үлгерген шәкірттеріміздің жетілуіне осы үйірменің еңбегі зор.

ҚазҰУ-дың ЕҰУ-дегі күндері, Тіл мерекесі, жақында өткен Студенттік қатарға қабылдау сөттерінде студенттер клубының көздің жауын алған өнерпаздардың өнерлері Студенттер клубының белсенді қызметін көрсетеді.

Университет басшылығы жаңа оқу жылынан бастап Студенттер клубына үлкен қамқорлық жасауда. Оркестрдің аппараттарына, (домбыра, қобыз, бас домбыра т.б.) «Би» үйірмесінің киімдеріне қыруар қаржы бөлініп, барлығы жаңартылды.

4-қазанда Ә.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында «Алматы – жастар қаласы» атты фестиваль ұйымдастырылған болатын. Бұл мәдени шарада да ҚазҰУ-дың студенттері көп өрістестерінен оқ бойы озық тұрды. Мәселен, қалалық додада Жеке аспапта шығарма орындау жанры бойынша – 1-орынды «Халықаралық қатынастар» факультетінің студенті Анесов Ерғали, Ақындар айтысы бойынша – «Физика» факультетінің студенті Бердіхан Хазірет 1-орын, Эстрада жанры бойынша «Философия және саясаттану» факультетінің студенті Сахыбаева Айгүл 2-орынды иемденді және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Алдағы уақытта әрбір мерекелік іс-шараларға студенттер клубы толассыз еңбектеніп, студенттердің талантын танытып, жұмысын шыңдай түсуді басты мақсат етіп алға қойып отыр. Егер оған атсалысқын келсе, тасжарғандай талантыңды көрсетуге бел бусаң бізге кел. Бұған басшылықтың барлық жағдайды сенің мүмкіндіңге орай жасап отырғандығын сезін, Студент!

Ерлан АЙТУАР,
Студенттер клубының жетекшісі



■ Біздің түлек

Көпшілік қауымға “Рәкетир” фильмі арқылы танылған, жуырда түсірілген кең тынысты “Мечь Махамбета” тарихи кинотуындысында басты рөлдердің бірін сомдаған фотомодель, актриса Әсел Сағатованың ҚазҰУ-дың түлегі екендігін бірі білсе, бірі білмейді. Осы орайда, кешегі студентіміздің шығармашылық жолы мен жоспарлары жайында газетіміздің оқырмандарымен бөліссек деген мақсатпен Әселді әңгімеге тартқан едік.

Әсел САҒАТОВА, актриса:

“Өзімді жұлдызбын деп санамаймын”



- Әдемілік әлеміне басқан алғашқы қадамдарыңыз?

- Кішкентай кезімнен теле жүргізуші болғым келді. Шеберлігімді шыңдау үшін курстарға бардым. Бірақ ол кезде он төрт жаста едім, маған “Әлі жассың, одан да модель мектептеріне бар” деп кеңес берді. Мектепті бітіріп, модель агенттіктерге жұмысқа орналастым. “Фотомодель – 2000” байқауына қатыстым. Түрлі жарнамаларда, бейне клиптерге түсе бастадым.

- Киноға қалай келдіңіз?

- Мен жайлы мәліметтер базасы “Қазақфильмде” болатын. Түрлі кастингтерге шақырып тұрды. Басында құр қатысып кететін кездерім көп еді. Бөлім шеберлігім жетіспей жатты. Ақырындап сынақтарға қатыса жүріп, тәжірибе жинақтайды екенсің. Сондай сынақтардың бірінде бағым жанып, қырғыздың “Плач манкурта” деген филмінде Мәңгірттің сүйікті қызының ролі тиді. Фильм 2003 жылдары Шыңғыс Айтматовтың “Ғасырдан да ұзақ күн” романының желісі бойынша Қырғызстанда түсірілді. Екінші рет “Час волка” атты кинотуындыда ауқатты адамға тұрмысқа шығып, тұтастай бір руды сақтап қалу үшін өзін құрбан еткен қыздың ролін сомдадым. Осылай жалғасып кете берді.

- Ал “Рәкетир” фильміне қалай тап болдыңыз?

- Фильм режиссері Ахат Сатаевпен бұрыннан бері таныспын. Кезінде жарнамаларға шақырып тұратын. Кездейсоқ кездесіп қалдық. Ахат Сатаев кино түсіріп жатқанын айтып, кастингке қатысуды ұсынды. Мен барған кезде Саятты Саянның рөліне бекітіп қойынты. Бір қызығы ол “Плач манкурта” филмінде мөңгіртті ойнаған еді. Кейін екеуімізді қатар түсіріп көрді. Осылай екінші рет басты рөлді бірге сомдадық.

- Кинодағы өріптесіңізбен өмірдегі қарым-қатынасыңыз қандай?

- Саятпен достық қарым-қатынастамыз, араласып тұрамыз.

- Қалай ойлайсыз модель мен актриса мамандығының қайсысы қиын?

- Әр мамандықтың өз қызығы мен шыжығы бар. Бірақ киноға түсу шығармашылықты талап ететін болғандықтан ерекше көңіліме жақын.

- Киноға түсу қиын болған жоқ па? - Білмеймін. Бастапқы фильмдерде аса

күш салдым деп айта алмаймын. Режиссердің айтқанын басшылыққа алдым.

- Қазір немен айналысып жүрсіз?

- “Қазақстан” ұлттық теларнасында, бірақ шығармашылық емес, коммерциялық бөлімде сатылым жөніндегі менеджермін.

- Сонда мамандығыңыз кім болғаны?

- ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетін тәмамдағанмын.

- Студенттік жылдарыңыз қалай өтіп еді?

- 2002 жылы университетке түстім. Биыл магистратураны бітірдім. Бұл уақыт аралығында университетті қызыл дипломмен бітіріп қана қоймай, фильмдерге түсіп, сонымен қатар көп достар да таптым. Студенттік жылдарды ерекше көңілмен еске аламын.

- Әр кинодан түйгеніңіз?

- Әр фильмінің көрерменге берер өзіндік идеясы бар. Әр фильм өзінің философиясымен. Ал оның қалай көрсетілгені көрерменге белгілі. Бірақ барлығының негізінде түштеп келгенде адамдық қарым-қатынастарға теуелді бас кейіпкерлердің тағдыры негізге алынады.

- Ал тележүргізуші болғысы келген кішкентай Әсел қазір балалық арманы жайында не ойлайды екен?

- Бұған дейін 31-телеарнада музыкалық бағдарламаны жүргізгенмін. Бір нәрседен адам жалығады екен. Жақсы жобалар болып жатса келісер едім. Өзірге ондай ұсыныстар түскен жоқ.

- Бала шақтан келе жатқан арманыңыз бар ма?

- Ана атану. Мама деген сөздің өзі қандай ыстық деп ойлаймын. Әрине сүйікті жар болу.

- Тұрмысқа шығу ойыңызда жоқ па?

- Өзірге, жоспарымда жоқ.

- Қандай жігітті таңдар едіңіз?

- Адал, адамгершілігі мол, мейірімді.

- Өзіңізді танымалмын деп санайсыз ба?

- Жоқ, олай ешқашан ойлаған емеспін.

Әрине көпшілік ортасында жүргенде танитындар болады, “Рәкетирде” түскен Әсел емес пе деп сырттан сыбырласып жатады. Бірақ жұлдызбын деу артық кеткенім болар.

- Өңгімеңізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ

■ Сүйінші

ҚазҰУ қалашығында қайта жаңғырған кинотеатр

Бұл оқу жылы білім шаңырағының қаймағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жаңаша өмір тынысымен бастау алды. Жазғы демалыстан оралған білімгерлерді заманауи үлгідегі жаңа оқу жүйесі, күрделі жөндеуден өткен Студенттер үйі, ажары әсемденген Тамақтандыру комбинаты қарсы алып, мөрмөрмен көмкерілген тас жол білімгер мерейін тасытты. Жас буынды біліммен қарулаңдырып, рухани байытатын бұл ордада мұндай игі шаралар бастауы бітпек емес. Мәселен, оқу жылының алғашқы айы аяқтала салысымен ҚазҰУ қалашығының жастары үлкен рухани сыйдың иесі болды. Дәлірек айтар болсақ, қазан айының 2-жұлдызында “КАЗГУГРАД” кинотеатрының тұсауы кесілді.

Екінші ұстаз әл-Фарабиша сабақтайтын болсақ, “Қауіпті дүние – тәрбиесіз берілген білім болмақ”. Ендеше білім ордасындағы ілімнің тәрбие көздерімен ұштасуы үшін кітапхана, театр сынды мәдени ошақтардың орны ерекше. Бұл рухани құндылықтар қарашаңырақ ҚазҰУ-да студент сұранысын қанағаттандырып келеді. Бұған дейін “БІЗ” студенттер театры, Студенттер сарайы ізденушілердің демалыс уақытын мәнді өткізуіне септігін тигізіп, рухани өмірдің қалыптасуына жұмыс жасап келсе, бұл жолы олардың саны кинотеатрмен толықты. Әсем табиғаттың аясында ҚазҰУ қалашығынан

орын алған бұл мәдени ошаққа студенттің мұқтаж екендігін, тұсаукесерге ағылған жастардың санынан байқауға болады. Кинотеатрдың беташарында сөз алған университеттің Тіл және тәрбие ісі жөніндегі проректор Ш.Өмірбеков студенттерді әлеуметтік кинотеатрдың ашылуымен құттықтап, игі шараға қолдау көрсеткен Алматы қалалық әкімшілігіне алғысын жеткізді. Тұсаукесерге арнайы келген Алматы қалалық мәдениет басқармасы төрағасының орынбасары Самат Тергембаев мырза “ҚазҰУеліміздің бетке ұстар университеті, бұл университетте білім алу үлкен мақтаныш”

деген ойларын сабақтай келе, жиналған қауымға құттықтау айтты. Тұсаукесердің ресми бөлімі аяқталғаннан кейін кинотеатр экранында “Записки путевого обходчика” (“Дүние-жарық”) фильмі көрсетілді. Фильм продюсері Жанабек Жетуровтың пікірінше, бұл кино зағип ақсақалдың (Нұр-жұман Ихтымбаевтың сомдауымен) көрегендігіне құрылған деседі.

2006 жылы Орта-Азиялық, III “Еуразия” Халықаралық кино фестивалында, 2007 жылы Бакуде өткен халықаралық кинофестивалінің тағы да басқа конкурстардың бірнеше жұлде иегері атанған бұл фильмде тәрбие элементтері мол кездеседі. Бұл фильм “КАЗГУГРАД” кинотеатрында алғашқы көрсетілген туынды. Бастапқы сөттен-ақ сапалы картиналардың орын алуын қадағалаған бұл кинотеатр студенттерді рухани байытпа түсері сөзсіз. Ал оның алғашқы күнінде тәрбиелік мәні өте жоғары туындының көрсетілуінде үлкен мән жатса керек.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

■ Өмір салты

Спорт – сауықтыру кепілі



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жастар ұйымдарының кубогына арналған жатақхана-аралық күзгі спартакиада өз жалғасын табуда. Қыркүйек айының 17 жұлдызында басталған спартакиаданың ашылу салтанатында Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Ш.Өмірбеков осынау студенттердің қолдауымен айшықталған шараның үлкен жетістіктерге жетуіне ықыласын білдіре отырып, дені сау адам қай кезде болсын спортта да, өнерде де, өмір мектебінің майталманы болмақ. Біздің ҚазҰУ қай кезде де, спортта алда деп сөзді сүйер қауымды бір желпіндіріп тастады. Көрермендер тарапынан жанкүйерлік шеберлігін көрсеткен журналистика мен филология факультеттері де спартакиаданың көркін қыздыра түсті.

№1 жатақхана “FMO united”, “Nomad”, №4 жатақхана “Палмейрас”, №5 жатақхана “Отан”, №6 жатақхана “CS home”, №7 жатақхана “Биос”, №8 жатақхана “Динамо”, “Восток”, №9 жатақхана

“Намыс”, №13 жатақхана “Достық”, №14 жатақхана “Мехмат”, №16 жатақхана “ФЭВ”, №17 жатақхана “Алаш”, №18 жатақхана “Заңгерлер” командалары спорттың алты түрінен өзара бөсекеге түсті. Шағын футболдан 1-орын №7 жатақхана “Биос”, 2-орын №8 жатақхана “Восток”, 3-орын №4 жатақхана “Палмейрас” командалары иеленді. Ал волейболдан болған турнирде 1-орын №7 жатақхана “Биос”, 2-орын №17 жатақхана “Алаш”, 3-орын №5 жатақхана “Отан” командалары жеңіп алды.

- “Айта кеткен жөн бұрын-соңды жарыстарға №6 жатақханада тұратын шетел студенттері қатыса бермейтін, осы жарысқа шетел азаматтарыда белсене ат салысты”, – дейді “Студенттер офисі” спорт секцияларының жетекшісі Жұмағали Есенбек. Стритбол турнирінің қорытындысы бойынша, 1-орын №14 жатақхананың “Kazah ball”, 2-орын №17 жатақхананың “Алаш”, 3-орын №6 жатақхананың шетел студенттерінен құрылған “Street boys” командаларының еншісіне тиді. Келесі кезекте үстел тенісі бойынша, 1-орын №18 жатақхананың “Заңгерлері”, 2-орын “Форварды”, 3-орын “Физиктер” болып өзара бөлісті.



“Соңғы түйенің жүгі ауыр”. Қазанның 24 күні спартакиаданың соңғы иешуші кезеңі. Ол уақытта шахмат пен бадминтон секілді спорт ойындарынан жеңімпаздар анықталатын болады.

Алмас РҮСТЕМОВ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛІ;
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА;
Бөлім меңгерушісі – Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ,
Кезекші редактор – Жанат ҚАСЫМБЕКОВА
Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,
Көркемдеуші-беттеуші - Талғат АХМЕТҚАЗЫҰЛЫ;
Фототілші – МАМЫРЖАН;

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел: 8 (727) 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы – 1000 дана.
Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989.
Тапсырыс 1011

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.